| | | |
|---|---|---|
| ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ | **«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ** | |
| Құжаттың атауы: **«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында Денсаулықты сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесін жөніндегі нұсқама** | | |
| Құжаттың түрі: **ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ тиімділігін бағалау** | **1-нұсқа** | **47 беттің 1-беті** |
| Әзірледі:<br>__________ Б.Қ. Әжіғалиев<br>__________ Р.Н. Саудабай<br>2018 ж. «27» тамыз | Тексерді:<br>__________ В. Спинелли<br>2018 ж. «9» қыркүйек. | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2018 ж. «20» қыркүйек № 37 хаттама шешімімен бекітілді |

# «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобында денсаулықты сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі нұсқама

# МАЗМҰНЫ

| | |
|---|---|
| **1. МАҚСАТЫ** | 4 |
| **2. ҰЙЫМНЫҢ МӘН-МӘТІНІ** | 5 |
| 2.1. Ұйымдардың ұғымы және оның мән-мәтіні | 5 |
| 2.2. Мүдделер тараптарының қажеттіліктері мен күтілімдерін түсіну | 6 |
| **3. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ** | 7 |
| **4. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР** | 7 |
| **5. СІЛТЕМЕЛЕР** | 14 |
| **6. НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР** | 15 |
| 6.1. Мақсатқа қол жеткізу | 16 |
| 6.2. Көшбасшылық | 16 |
| 6.3. Тәуекелдерді басқару | 16 |
| 6.4. Тұрақты жетілдіру | 17 |
| **7. КӨШБАСШЫЛЫҚ, МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК (1-ЭЛЕМЕНТ)** | 19 |
| 7.1. Көшбасшылық және міндеттемелер | 19 |
| 7.2. Жауапкершілік | 21 |
| **8. САЯСАТ, МАҚСАТТАР ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМА (2-ЭЛЕМЕНТ)** | 21 |
| 8.1. Саясат және мақсаттар | 22 |
| 8.2. Бағдарламалар | 22 |
| **9. ҰЙЫМДАСТЫРУ, РЕСУРСТАР ЖӘНЕ МҮМКІНДІКТЕР (3-ЭЛЕМЕНТ)** | 23 |
| 9.1. Құзыреттілігі, оқыту және хабардар болуы | 23 |
| 9.2. Коммуникациялар және консультация беру | 26 |
| 9.3. ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ құжаттамасы | 27 |
| **10. МЕРДІГЕРЛЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР (4-ЭЛЕМЕНТ)** | 28 |
| 10.1. Мердігерлерге қойылатын талаптар | 28 |
| 10.2. Сатып алуды басқару | 29 |
| **11. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ЖӘНЕ ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУ (5-ЭЛЕМЕНТ)** | 29 |
| 11.1. Тәуекелдерді бағалау және бақылау | 30 |
| 11.2. Мінез-құлық факторларын бағалау | 31 |
| 11.3. Өзгерістерді басқару | 32 |
| **12. АКТИВТЕРДІҢ ДИЗАЙНЫ ЖӘНЕ ТҰТАСТЫҒЫ (6-ЭЛЕМЕНТ)** | 33 |
| 12.1. Жоспарлау және жобалау | 33 |
| 12.2. Активтердің тұтастығы | 34 |
| **13. ОРЫНДАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ (7-ЭЛЕМЕНТ)** | 35 |

| | |
|---|---|
| 13.1. Операциялық бақылау | 35 |
| 13.2. Төтенше жағдайларға дайындығы және ден қоюы | 37 |
| **14. ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ ОҚИҒАЛАРДЫ ТЕКСЕРУ (8-ЭЛЕМЕНТ)** | 39 |
| 14.1. Жедел есептілік | 39 |
| 14.2. Оқиғаларды тексеру және қызметкерлерді тарту | 40 |
| **15. МОНИТОРИНГ, ӨЛШЕУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ (9-ЭЛЕМЕНТ)** | 40 |
| 15.1. Мерзімді есеп-қисап | 40 |
| 15.2. Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері | 41 |
| **16. ТИІМДІЛІГІН РАСТАУ ЖӘНЕ ЖАҚСАРТУҒА АРНАЛҒАН ШАРАЛАР (10-ЭЛЕМЕНТ)** | 42 |
| 16.1. Комитеттер | 42 |
| 16.2. Аудиттер | 43 |
| 16.3. Басшылық тарапынан талдау | 44 |
| **17. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР** | 45 |

# 1. МАҚСАТЫ

Осы ҚМГ компаниялары тобындағы денсаулықты сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Заңнамалық талаптарды, ISO 14001:2015, ISO/FDIS 45001:2017 [5.1.,5.2.] халықаралық стандарттарының талаптарын, ҚМГ Даму стратегиясын [5.3.], «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарудың интеграцияланған жүйесі жөніндегі нұсқаулықты (11-нұсқа) [5.4.], «Самұрық-Қазына» АҚ портфельді компаниялары үшін өндірістік қауіпсіздікті басқару жөніндегі референстік модельді [5.5.], «Самұрық-Қазына» АҚ портфельді компанияларын тұрақты дамыту жөніндегі референстік модельді [5.6.], IPECA/IOGP мұнай-газ саласының халықаралық қауымдастықтарының озық тәжірибесі бойынша ұсынымдарды ескере отырып әзірленді және ҚМГ ішкі құжаты болып табылады.

Осы Нұсқаулықтың мақсаты Стратегия мен Саясаттың мақсаттарына қол жеткізу үшін ҚМГ компаниялар тобында ДС, ӨҚ және ҚОҚ басқаруды қамтамасыз ету болып табылады, мыналарды қоса алғанда:

1) ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ элементтерін айқындауды және олардың өзара іс-қимылын;

2) ҚМГ басшылығына, бизнес-бағыттардың/дивизиондардың басшыларына, қызмет бағыттарының басшыларына, ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының бірінші басшыларына, желілік басшыларға және қызметкерлерге бизнес-процестердегі ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ және ҚМГ корпоративтік мәдениетін құру мүмкіндіктерін ұсынуды;

3) ҚМГ компаниялары тобында ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ талаптарды, сондай-ақ ҚМГ компаниялары тобының объектілеріне әсер етуге мүдделі тараптардың талаптарын айқындауды;

4) ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ енгізуді қамтамасыз ету және ҚМГ ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ішкі құжаттарды қолдану бойынша іс-қимылдарды олар орындаған кезде ҚМГ компаниялары тобының қызметкерлеріне, сондай-ақ ТЖҚ жеткізу/орындау/көрсету кезінде Мердігерлерге/Аутсорсингке жәрдемдесуді;

5) ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ қатысты ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ҚМГ компаниялары тобы, Мердігерлер/Аутсорсинг және Мүдделі тараптар қызметкерлерінің хабардар болу деңгейін арттыруды.

ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ үшін ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының барлық деңгейлерінде тиісті басқару құралдарын, әдістері мен құралдарын қамтитын оқиғалармен және қоршаған ортаны ластауларымен байланысты тәуекелдерді басқару сыни маңызды болып табылады.

ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ ҚМГ кодекстеріне сәйкес қолданылады: іскерлік этика, корпоративтік басқару, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

қызметкерлерінің «Алтын қағидалар» кодексі [5.7., 5.8., 5.9., 5.10.] және ҚМГ өзге де ішкі құжаттары.

## 2. ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘН-МӘТІНІ (ISO 14001 4-тармағы, ISO 45001 4-тармағы)

### 2.1. Ұйымды және оның мән-мәтінін түсіну(ISO 14001 4.1-тармағы, ISO 45001 4.1-тармағы)

ҚМГ Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласындағы мемлекеттің мүдделерін ұсынатын көмірсутектерді барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау жөніндегі ұлттық оператор болып табылады. 2002 жылы негізі қаланған ҚМГ компаниялары тобының құрамына 90 мыңнан астам адам қызметкерлер санымен 140 жуық ЕТҰ кіреді. ҚМГ құрылтайшылары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (90%) және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (10%) ҚМГ-нің акционерлері болып табылады . ҚМГ ірі мұнай-газ жобаларындағы (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) қатысу үлестерін иеленеді.

ҚМГ компаниялары тобының объектілері іс жүзінде өндірістік-шаруашылық қызметтің әртүрлі ерекшелігі, орындалатын өндірістік жұмыстардың күрделілігі және Тәуекелдің дәрежесі бар Қазақстанның барлық өңірлерінде орналасқан.

Даму стратегиясында жалпы стратегиялық мақсаттар, сондай-ақ ҚМГ компаниялары тобының қызметіне ықпал ететін негізгі ішкі және сыртқы факторлар айқындалған.

Стратегияға сәйкес ҚМГ әлемдік стандарттарға сай ДС, ӨҚ және ҚОҚ жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылуда. ҚМГ 2018 жылдан бастап IOGP толық құқықты мүшесі болып табылады және ДС, ӨҚ және ҚОҚ көрсеткіштері бойынша IOGP-ға кіретін халықаралық мұнай-газ компанияларының жоғарғы квартилінде болуға тырысуда.

ҚМГ мыналар арқылы ҚМГ тұрақты дамуы үшін Қазақстанның мұнай-газ саласындағы ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында ақпарат алмасу және инновациялар трансферінің жол серігі ретінде көрсетеді:

1) кеңейтілген және жаһандық серіктестікке қосылу, ол халықаралық сарапшылармен, мұнай-газ саласындағы компаниялармен және ұйымдармен өзара әрекеттесу мүмкіндігін ұсынады;

2) үздік әлемдік компаниялармен және мұнай-газ саласы бойынша орташа статистикамен салыстырғанда ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында нәтижелердің шынайы бенчмаркингі;

3) комитеттер мен жұмыс топтарына қатысу және үздік практикаларға, әдістемелерге және сараптамаларға кіру рұқсаты;

4) салалық тәлімгерлік бағдарламаға тарту және үздік практикалар негізінде жаңа әдістемелер мен қағидаларды әзірлеу;

5) мұнай-газ саласындағы ДС, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша халықаралық форумдарға, семинарлар мен көрмелерге қатысу;

6) тиімділіктің жалпы көлемін арттыру үшін салалық серіктестер/IOGP мүшелерінің бәсекелестерінің жанында жұмыс істеу;

7) тану және сенім дәрежесін арттыру, өйткені IOGP басқаруға қатысуы нақты ұсыныс ретінде Уәкілетті органдармен және Мүдделі тараптармен танылады;

8) ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында ҚМГ корпоративтік құжаттарын әзірлеу және жетілдіру үшін техникалық деректерге кіру рұқсатын алу;

9) мұнай-газ саласындағы жаңа өзгерістер мен тәуекелдер туралы ақпарат алу.

**2.2. Мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен күтілімдерін түсіну** (ISO 14001 4.2-тармағы, ISO 45001 4.2-тармағы)

Акционерлер, инвесторлар, клиенттер, серіктестер, жергілікті қауымдастықтар, қоғамдық ұйымдар, Қызметкерлер мен кәсіподақтар, Мердігерлер/Аутсорсинг, халық, мемлекеттік органдар және қаржы институттары сияқты Мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен күтілімдерін жалпы түсінігін алу мақсатында ҚМГ Мүдделі тараптардың міндетті талаптарын, қажеттіліктері мен күтілімдерін, олардың ҚМГ стейкхолдерлер картасына сәйкес әсер ету дәрежесін анықтайды және ескереді [5.11.].

Жалпы алғанда, Мүдделі тараптардың талаптары ҚМГ-де қабылданған және олар бойынша қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша заңнамаға өзгерістерді қадағалау қағидаларына сәйкес мониторинг жүргізілетін Заңнамалық талаптарға негізделеді (KMG-PR-174.1-13).

ҚМГ ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ нәтижелеріне әсерін тигізуі мүмкін немесе ҚМГ компаниялары тобы тарапынан әсерге ұшыраған елеулі ішкі және сыртқы факторлар айқындалған.

ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ күтілетін нәтижелерін алу қабілетіне әсер ететін барынша маңызды факторлар мыналар болып табылады:

1) ішкі (ҚМГ компаниялары тобының құрылымы, Стратегия және Саясат, Мақсаттар, Тәуекелдер, Мүмкіндіктер мен ресурстар, ақпараттық жүйелер және шешімдер қабылдау жүйелері, шарттық және серіктестік қатынастар, корпоративтік мәдениет);

2) сыртқы (жергілікті, өңірлік, ұлттық немесе халықаралық деңгейлерде әлеуметтік, мәдени, экономикалық, заңнамалық талаптар, Мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастар);

3) ҚМГ компаниялары тобына әсер ететін немесе әсерінде болуы мүмкін климаттың, ауа, топырақ пен су сапасының өзгеруіне байланысты экологиялық аспектілер, тарихи және ағымдағы ластанулар, биоәртүрлілік, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар.

Жоғарыда көрсетілген барлық факторлар ҚМГ компаниялары тобының жобаларын іске асыру кезінде, сондай-ақ тұрақты даму саласында ҚМГ есебін дайындау және жариялау кезінде қоршаған ортаға, экологиялық зерттеулерге (фондық, экологиялық мониторинг) әсерін бағалау жүргізу кезінде ескеріледі [5.12.].

## 3. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ (ISO 14001 4.3-т., ISO 45001 4.3-т.)

ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ МЖ:

1) активтерді;

2) мұнай, газ және олардан өңделген өнімдерді өндіруді, тасымалдауды, сақтауды, өңдеуді және маркетингін қоса алғанда мұнай операцияларын;

3) мұнай операцияларының сервистік инфрақұрылымын корпоративтік басқаруды жүзеге асыратына барлық құрылымдық бөлімшелерге қолданылады.

ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ МЖ мыналарды қоса алғанда, ҚМГ компаниялары тобының барлық қызметкерлерімен орындау үшін міндетті және ҚМГ компаниялары тобының ұйымдарына таратылады:

1) Объектілерді;

2) Процестер мен Рәсімдерді;

3) жұмыс, қызмет және өнімді.

4) Қызметкерлерді.

ҚМГ компаниялар тобы Процестерді әзірлейді және қолдайды, сондай-ақ ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ талаптары Мердігерлердің/Аутсорсингтің қызметкерлерімен орындалатынына және олардың басқаруында тұрғанына кепілдік береді.

ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ өндірістік цикл процесінде (жинау, сақтау, тасымалдау, қайта өңдеу және кәдеге жарату) пайда болатын өндіріс қалдықтарын қоса алғанда, өнімнің (жобалау және салу, барлау және өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу, жеткізу) өндіріс айналымының барлық кезеңдерінде ҚМГ компаниялары тобының бақылауындағы немесе ықпалындағы өнімнің (мұнай, газ, отын түрлері мен электр энергиясы) өндірістік кезеңін есепке алады. Үшінші тарапқа жеткізілетін өнімді үшінші тараптың тұтынушыларға жеткізетін өнімінің сапалық сипаттамаларының сақталуына кепілдік берудің мүмкін еместігі салдарынан бақылау мүмкін емес.

## 4. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Нұсқаулықта мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

| | |
|---|---|
| **ҚМГ** | «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы |
| **ҚМГ компаниялар тобы** | ҚМГ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге |

| | |
|---|---|
| | тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ қызметін ҚМГ-нің бақылау құқығы бар заңды тұлғалар. |
| **Аспект** | Ұйым қызметінің элементі, оның өнімдері немесе адаммен немесе қоршаған ортамен өзара әрекет жасайтын қызметтер |
| **Аудит** | Аудит куәлігін алу және аудит өлшемшарттарына сәйкестік дәрежесін айқындау мақсатында оны толық бағалауға арналған жүйелі, тәуелсіз және құжатталатын процесс |
| **Аутсорсинг немесе аутсорсингке беру** | Жеке немесе заңды тұлғалармен шарт жасасу, соған сәйкес орындау үшін ҚМГ компаниялары тобының функциялары немесе процесінің бөлігі беріледі |
| **Тосқауыл** | Оқиға/Қоршаған ортаны ластау/Төтенше жағдайларды алдын алу не әсерін шектеу үшін іріктелген қорғау шаралары мен басқару құралдарының функционалдық жиынтығы |
| **ЕҚжЕҚ** | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау |
| **Оқиғаларды ішкі тергеу** (осы құжаттың мақсаттары үшін) | ҚМГ компаниялары тобындағы Оқиғалардың түпкілікті себептерін анықтау, сондай-ақ оларды талдау |
| **Мүмкіндіктер** | ДС, ӨҚ және ҚОҚ көрсеткіштерін жақсарта алатын жағдай немесе жағдайлардың жиынтығы |
| **Құжатталатын ақпарат** | ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша ақпарат, ол басқаруды және жұмыс жағдайында қолдауды талап етеді және ол қамтылатын тасушы қажет. ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша құжатталатын ақпарат Саясат және Нұсқаулықты, ішкі регламенттейтін құжаттарды, Рәсімдер мен техникалық регламенттерді қамтиды. |
| **Басқа да талаптар** | Міндетті деп саналатын және мемлекеттік билік органдары және қоғамдық бірлестіктермен жасалатын келісімдер, халықаралық мүдделер шеңберінде мінез-құлық, стандарттар мен ерікті міндеттемелер және т.с.с. түрінде болатын ҚМГ компаниялары тобы қабылдаған мүдделі тараптардың талаптары. |
| **Өмірлік кезең** | Шикізатты сатып алудан немесе түпкілікті кәдеге жаратуға дейін табиғи ресурстардан өңдеуден болатын өнім өндіру, жұмыс және көрсетілетін қызметтің жүйелі және өзара байланысты кезеңдері |
| **Қоршаған ортаның ластануы** | Ластанған заттардың, радиоактивтік материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға түсуі, сондай-ақ шуылдың, дірілдердің, магнит өрістері мен басқа да физикалық күштің қоршаған |

| | |
|---|---|
| | ортаға әсері |
| **Мүдделі тарап** | Қызметті жүзеге асыруға немесе шешім қабылдауға ықпал ете алатын немесе мүдделері қызмет шеңберінде қозғалатын жеке және заңды тұлғалар |
| **Кешікпелі индикатор (Lagging indicator)** | Бір немесе одан да көп кедергілерден (тосқауылдардан) бір мезгілде көрінетін, тәуекелдерді басқару жүйесіндегі дәрежені және нақты кедергілерді бағалауға арналған индикатор |
| **Индикатор (Indicator)** | Қызметті жүзеге асыру талаптарын немесе оның мәртебесін (жағдайын), осы қызмет менеджментін немесе талаптарды өлшем түрінде ұсыну (сипаттау) |
| **ҚТК** | Жалпы ұйымның қызметін, қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін ұйым қызметінің тиімділік деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер (индикаторлар) |
| **Корпоративтік мәдениет** | ДС, ӨҚ және ҚОҚ үшін негіз болатын құндылықтан, сенімнен және қағидаттан тұратын жүйе, сондай-ақ осы негізгі қағидаттарды іске асыратын және күшейтетін іс-қимылдардың тәсілдері мен іс-әрекет модельдерінің жиынтығы |
| **ДБКАЖ** | Корпоративтік www.kisud.kmg.kz порталында онлайн режимінде жұмыс істейтін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша деректерді басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесі |
| **Комитет** | ҚМГ/ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеті |
| **Түзету әрекеті** | Сәйкессіздіктің пайда болу себептерін жоюға бағытталған іс-шара |
| **Желілік басшылар** | Жұмысты жүргізуге тікелей басшылық жасауды жүзеге асыратын ҚМГ компаниялары тобы ұйымының басшылары мен мамандары (CEO-4 және CEO-5) |
| **Сәйкессіздік** | Белгіленген талаптардың (Заңнама талаптары, ҚМГ нормативтік және ішкі құжаттарының талаптары, ҚМГ қабылданған міндеттемелерді орындамайтын кез келген шешімдер, құжаттар, басқарушылық шешімдер және т.б.) орындалмауы |
| **Жазатайым оқиға** | Қызметкерге, жұмыс берушінің еңбек (қызметтік) міндеттемелері немесе тапсырмаларын орындауы кезінде оған зиянды және(немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсер етуі, нәтижесінде қызметкер өндірістік жарақат алады, кенеттен денсаулығы |

| | |
|---|---|
| | нашарлайды немесе уланып қалады, яғни оның жұмысқа қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты түрде айырылуына немесе өліміне әкеліп соғады. |
| **Заңнамалық талаптар** | Халықаралық конвенцияларды, стандарттарды, халықаралық және мемлекетаралық келісімдер мен Қазақстан Республикасының шарттарын қоса алғанда, нормативтік құқықтық актілерде, нормативтік құжаттарда қамтылатын талаптар |
| **Объект** | ҚМГ компаниялары ұйымдарының аумақтарындағы (келісімшарт аумақтарындағы) өндірістік қызметте пайдаланылатын ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, технологиялық жабдық және мұнайды қайта өңдеу қондырғылары, бұрғылау қондырғылары мен бұрғылау жабдығы, газ, мұнай айдау станциялары мен құбыр жолдары, резервуарлар паркі, инженерлік үй-жайлар және көлік құралдары мен полигондар, басқа да техникалық құрылғылар, көлік құралдары мен арнайы техника |
| **Қоршаған орта (Environment)** | Су, ауа, жер, табиғи ресурстар, өсімдіктер дүниесі, жануарлар әлемін, адамдарды және олардың өзара қарым-қатынасын қоса алғанда, ұйым жұмыс істейтін орта |
| **Қауіптілік (қауіпті факторлар)** | Адамдардың денсаулығына және ҚМГ компаниялары тобының мүлкіне залал келтіруі мүмкін қызмет элементі (операция, процесс, өнім, жабдық, көрсетілетін қызмет және т.б.) |
| **Қауіпті факторларды айқындау** | Қауіптіліктің бар екенін білу және оның сипаттамасын айқындау процесі |
| **Операциялық бақылау** | Маңызды аспектілер мен Тәуекелдерді басқаруға (мониторинг, алдын алу және төмендету) бағытталған іс-шаралар немесе қызмет |
| **Озыңқы индикатор (Leading indicator)** | Тәуекелді басқару жүйесін қолдауда тиімділікті көрсететін Тәуекелдерді басқару жүйесіндегі дәрежені және нақты зардаптарды бағалауға арналған индикатор |
| **ДС, ӨҚ және ҚОҚ** | Денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет бағыты: Қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, және еңбек гигиенасы, өнеркәсіп, өрт және көлік қауіпсіздігі, төтенше жағдайлар, сәйкестілікті басқару, қоршаған ортаны қорғау (лақтырындыларды, тасталғандар мен қалдықтарды басқару), табиғи ресурстарды (су, жануарлар және өсімдік әлемі, энергия тиімділігі) тиімді пайдалану сияқты бағыттарды қамтитын |

| | |
|---|---|
| **ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі** | ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызмет бағытына жауапты ҚМГ құрылымдық бөлімшесі |
| **Тәуекелді бағалау** | ҚМГ үшін оның басталуы ықтималдығын бағалау және болуы мүмкін залалына бағалау жүргізу арқылы сәйкестендірілген тәуекелдің сандық және/немесе сапалы көрсеткішін айқындау |
| **ҚМҚ (ЖҚМҚ/ЖҚМҚ)** | Қауіпсіздік бойынша мінез-құлықты қадағалау (жұмыс қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықты қадағалау/жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықты қадағалау) |
| **Мердігерлік ұйым (Мердігер)** | Белгілі бір жұмысты орындайтын/талаптарға, мерзімдерге және шарттарға сәйкес ҚМГ компаниялары тобы ұйымымен жасалған шарт бойынша Объектіде/Жұмыс орнында қызмет көрсететін жеке немесе заңды тұлға |
| **Саясат** (осы құжаттың мақсаттары үшін) | ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында ҚМГ/Компанияның даму бағыттары мен мақсаттары, қызметінің қағидаттары мен басымдықтары туралы өтініш |
| **Тұрақты жетілдіру** | Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін менеджмент жүйесін басқару бөлігі. «Ұдайы жетілдіру» түсінігі біртіндеп өсе түсетін нәтижелерге, сондай-ақ «алға бастайтын» нәтижелерге жатады. Қызметті жақсарту, процестерді оңтайландыру және әлеуетті қауіптер мен тәуекелдерді жою үшін «осал» жерлерді анықтау, проблемалар айқындау және мүмкіндіктерді табу жөніндегі күнделікті қызмет болып табылады |
| **Алдын ала талқылау** | ҚМГ компанияларының тобы арқылы шешім қабылдау немесе әрекет етуге дейін қызметкерлердің пікірін анықтайтын процесс |
| **Алдын ала әрекеттер** | Сәйкессіздіктің пайда болуының әлеуетті себептерін жоюға бағытталған іс-шара |
| **Оқиға** (осы құжаттың мақсаттары үшін) | ҚМГ компаниялары тобы ұйымының өндірістік қызметі нәтижесінде немесе үдерісінде болатын, еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаға, өртке, жарылысқа, апарияға, жол-көлік оқиғасына немесе ҚМГ компаниялары тобының бизнесі мен беделіне әсер ететін кез келген басқада оқиғаға әкеліп соғатын немесе әкеліп соғуы мүмкін кез келген жоспарланбаған оқиға |
| **Процесс** | Белгіленген нәтижені алу үшін кіруді пайдаланатын өзара байланысты және (немесе) өзара әрекет ететін қызмет түрлерінің жиынтығы |
| **Рәсім** | Бір бизнес-бағыт шеңберінде бір немесе одан да көп функционалдық блоктардың құрылымдық бөліністерінің қандай да болсын процесін жүзеге |

| | |
|---|---|
| | асыру тәртібін айқындайтын ішкі құжат |
| **Қызметкер** | ҚМГ компаниялары тобы ұйымымен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын жеке тұлға |
| **Жұмыс орны** | Қызметкердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттемелерін орындауы кезіндегі оның тұрақты немесе уақытша тұратын жері |
| **Ресурстар** | ДС, ӨҚ және ҚОҚ тиісінше қолдау және оның жұмыс істеуі үшін қажетті адами, қаржы және материалдық ресурстар |
| **Тәуекел** | Қолайсыз оқиғалардың пайда болуы мүмкіндігі мыналарға теріс әсерін тигізеді: сапа менедменті жүйесінің шеңберінде – тиісті сапамен қамтамасыз ету қабілетіне, тәуекелдерді басқару жүйесінің саласында – стратегиялық мақсаттарға табысты қол жеткізу қабілетіне, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі шеңберінде – ҚМГ қызметкерлерінің денсаулығына |
| **ҚМГ басшылығы (басшы қызметкерлер)** | Төраға және Басқарма мүшелері |
| **Бизнес-бағыттың/дивизионның басшысы** | Тиісті дивизионды басқаратын Басқарма төрағасының орынбасары: «Көмірсутекті шикізатты барлау және өндіру, Өндірілетін активтердің сервистік инфрақұрылымы», «Газ тасымалдау және маркетинг», «Мұнайды тасымалдау, Мұнай өңдеу және мұнай-химия, Мұнай маркетингі және өткізу» (CEO-1) |
| **Қызмет бағытының басшысы** | Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры/ басқарушы директорлар/қызметтің тиісті бағытын басқаратын құрылымдық бағыт басшысы: «Экономика және қаржы», «Стратегия», «Адами ресурстарды басқару», «Корпоративтік қауіпсіздік», «Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау», «Құқықтық қамтамасыз ету», «Тәуекелдерді басқару», «Трансформация» (CEO-1) |
| **Даму стратегиясы** | Компанияның Миссиясы, Пайымы, Стратегиялық мақсаты, Стратегиялық даму басымдықтары, Стратегиялық КТК және Стратегиялық бастамалары туралы өтінішті қамтитын ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлау құжаты |
| **ДС, ӨҚ және ҚОҚ қызметі** | ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметтің бағыты үшін жауапты ҚМГ компаниялары тобы ұйымының құрылымдық бөлімшесі, ол болмаған жағдайда ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында ҚМГ компаниялары тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің қызметін |

| | |
|---|---|
| | үйлестіретін маман |
| **ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ** | ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында Саясаттар мен Тәуекелдерді басқаруды әзірлеу мен орындау үшін қолданылатын ҚМГ басқару жүйесінің бір бөлігі |
| **Талап** | Қажеттілік немесе әдеттегідей болжам жасалатын немесе міндетті болып табылатын күтілім |
| **ТЖҚ** | Тауарлар, жұмыстар мен қызметтер |
| **Қор** | «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы |
| **Уәкілетті органдар** | ДС, ӨҚ және ҚОҚ **саласындағы басшылықты және салааралық** үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органдар, сондай-ақ оның аумақтық органдары |
| **Технологиялық процестердің қауіпсіздігін басқару (Process Safety Management)** | Технологиялық процестерге байланысты Оқиғалардың/Қоршаған ортаның ластануын болдырмайтын технологиялық қауіптілікті анықтайтын, түсінетін және бақылайтын, осылайша өндірістік процесті басқару және бақылау жүйесін (бағдарламаларды, рәсімдерді, аудиттерді, бағалауды) қолдану |
| **Тәуекелдерді басқару** (осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін) | Оқиғалардың/Жазатайым жағдайдың/қоршаған ортаның ластануының пайда болу ықтималдығын азайтуға, оны іске асырумен туындаған болуы мүмкін зардаптарды мейлінше азайтуға бағытталған ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы басқарушылық шешімдерді қабылдау және орындау процесі |
| **Өзгерістерді басқару (Management of Change)** (осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін) | Заңнама талаптары, өндірістік процестер, рәсімдер, жабдық пен технологиялар, ұйымдастыру құрылымы, өнімдер мен көрсетілетін қызметтер, Қауіптіліктер және ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы оларға қатысты Тәуекелдер туралы<br>білімдер немесе ақпараттағы өзгерістер сияқты ДС, ӨҚ және ҚОҚ көрсеткіштеріне әсер ететін жоспарлы (уақытша немесе тұрақты) өзгерістерді басқару процесі |
| **Мақсаттар** (осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін) | ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ҚМГ жоспарлаған көрсеткіштеріне қатысты мақсаттар. Мақсаттар аудитті орындау, бағалау және нәтижелерді талдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында мүмкіндігінше сандық болып айқындалуға тиіс. |
| **Төтенше жағдай (ТЖ)** | Адамдардың қаза табуына әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін, олардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізу объектілеріне нұқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін, тіршілік жағдайын бұзған немесе бұзуы |

| | |
|---|---|
| | мүмкін авария, зілзала немесе апат салдарынан белгілі бір аумақта туындаған жағдай |
| **Экологиялық аспект (фактор) (Environmental Aspect)** | Қоршаған ортамен өзара әрекет ететін немесе әрекет ете алатын қызмет элементі (операция, технологиялық процесс, қызметтер, өнім және т.б.) |
| **Экологиялық аудит** | Экологиялық тәуекелдерді анықтау және бағалауға және олардың қызметінің экологиялық қауіпсіздігі деңгейін арттыру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеуге бағытталған аудиттелетін субъектілердің шаруашылық және басқа да қызметін тәуелсіз тексеру |
| **Экологиялық әсер** | Экологиялық аспектілер салдарынан болатын жағымсыз немесе қолайлы, толық немесе ішінара қоршаған ортаны өзгерту |
| **Элементтер** | ҚМГ компаниялары тобы ұйымын, рөлі мен жауапкершілігін, жоспарлау және жұмыс істеуін, көрсеткіштерін бағалау және жақсартуды айқындайтын ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ элементтері |
| **International Association of Oil & Gas Producers (IOGP)** | Мұнай және газ өндірушілердің халықаралық қауымдастығы |
| **International Petroleum Industry Environmental Conservation Association (IPIECA)** | Қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мұнай-газ өнеркәсібі өкілдерінің халықаралық қауымдастығы |

## 5. СІЛТЕМЕЛЕР

5.1. ISO 14001:2015 «Экологиялық менеджмент жүйесі. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық»

5.2. ISO 45001:2018 «Денсаулықты және еңбек қауіпсіздігін қорғау менеджменті жүйелері – қолдану бойынша талаптар мен ұсынымдар».

5.3. ҚМГ Даму стратегиясы.

5.4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сапа менеджменті жүйесі жөніндегі нұсқаулық (12-нұсқа).

5.5. «Самұрық-Қазына» АҚ портфель компаниялары үшін өндірістік қауіпсіздікті басқару бойынша референстік модель.

5.6. «Самұрық-Қазына» АҚ портфель компанияларын тұрақты дамыту бойынша референстік модель.

5.7. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Іскерлік этика кодексі.

5.8. «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының корпоративтік басқару кодексі.

5.9. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексі.

5.10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Алтын қағидалар» кодексі.

5.11. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ стейкхолдерлер картасы.

5.12. Тұрақты даму саласындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ есептері.

## 6. НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР

Басқарудың негізгі қағидаттары ҚМГ компаниялар тобы ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ құратын және қолдайтын сияқты айқындайтын және оны нығайту мен тұтастығына жәрдемдесетін ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ тиімділігін үшін негізін қалайтын болып табылады (1-сурет).




1-сурет. Негізгі қағидаттың ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ құрылымы 10 Элементтің негізінде жатыр.

Негізгі қағидаттарда басты назар ДС, ӨҚ және ҚОҚ тиімді МЖ үшін маңызды болып табылатын Басқару процестеріне бөлініп отыр: Мақсаттарға қол жеткізу, Көшбасшылық, Тәуекелдерді басқару және Тұрақты жетілдіру.

Бұл негізгі қағидаттар жүйелі болып табылмайды, алайда олар әр Элементке бірдей қолданылады, ол табысқа қол жеткізуге мүмкіндік жасайды. Негізгі қағидаттардың әрқайсысына үнемі назар аудару өнімділік пен тиімділікті арттыра отырып, ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ қолдауға көмектеседі. Он элемент ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ әртүрлі компоненттерін ұйымдастыру үшін

құрылым құрады. Он элементтің әрқайсысы өзінде Мақсатты, Талапты және Құжатталған ақпаратты қамтиды.

**6.1. Мақсатқа қол жеткізу: «Іске асыру»**

Тиімді іске асыру ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ табысы үшін қажет және Тұрақты жетілдіруді жүргізуі тиіс. Ол үшін ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ орталықтандырылған болуы және Бағалау шаралары және Тәуекелді бағалау жүйелі қолданылуы үшін стратегиялық жоспарлау үшін де, күнделікті жұмыс істеу үшін де ҚМГ компанияларының бүкіл тобына енгізілуі тиіс.

Жеке міндеттемелер және есеп берушілік табысты іске асыру үшін шешуші мәнге ие. ҚМГ басшылығы жалпы жауапкершілікті атқарады, алайда ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ әрбір бөлігі Процестің иесі болуы үшін есеп берушіліктің нақты тәртібі мен өкілеттіктер көлемін жүктейді. Бұл каскадтау Процестер мен Рәсімдерді қоса алғанда, ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ кіші деңгейлерін одан әрі жүктеуге әкеледі.

**6.2. Көшбасшылық: «ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ тиімділігін үнемі бақылаңыздар»**

ҚМГ Стратегиясы мен Саясатын мақсатты іске асыру, ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ қолдау жоғарыдан төмен болып бастамашылық жасалуы тиіс. ҚМГ басшылығы ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ енгізу үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстарды ҚМГ компаниялары тобын басқарудың әр деңгейіне ұсынады. Жауапкершілік, рөлдер және міндеттер ҚМГ компаниялары тобына айқындалуы және каскадталуы тиіс.

ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың/дивизиондардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының бірінші басшылары, Желілік басшылар адалдығын, ашықтығын көрсетеді, өздеріне алған міндеттемелерді орындайды және ҚМГ компаниялары тобының қызметкерлері кері байланысты ұсынуға ашылуы мүмкін ортаны құруға мүмкіндік жасайды. ДС, ӨҚ және ҚОҚ процесіне қатысатын ҚМГ компаниялары тобының әрбір қызметкері ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ тиімділігін қамтамасыз ету бойынша өз міндеттерін түсінуі және өзінің басқара білуін көрсетуі үшін мүмкіндіктерді көруі тиіс. ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ тиімділігі көбіне Мақсаттарға қол жеткізу үшін өз уақыттары мен күш-жігерлерін бөлетін, еліктеу үшін үлгі болып табылатын ҚМГК компаниялары тобының барлық деңгейдегі басшыларына байланысты.

**6.3. Тәуекелдерді басқару: «Тосқауылдарды жеңіп шығу, оң нәтижелерді нығайту»**

Тәуекелдерді басқару ҚМГ компаниялары тобы Процестерінің ажырамайтын бөлігі болып табылады және ҚМГ компаниялары тобының мүдделерін қорғау және нәтижелерге қол жеткізу мақсатында ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ шеңберінде шешімдер қабылдау үшін бірінші кезектегі мәнге ие.

Тәуекелдерді басқаруға жалпы тәсілдеме сыртқы да, ішкі де факторларды қараумен басталады. Сыртқы факторлар жергілікті, өңірлік, ұлттық немесе

халықаралық деңгейлерге әлеуметтік, мәдени, экономикалық, заңнамалық талаптар мен экологиялық аспектілерді қамтиды. Сондай-ақ олардың ҚМГ мақсаттарына және оның Мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастарына әсері айқындалады. Ішкі факторлар өзінде ҚМГ компаниялары тобын, оның саясаты мен мақсаттарын, мүмкіндіктері мен ресурстарын, ақпараттық жүйелерін және шешімдер қабылдау жүйелерін, шарттық және серіктестік қатынастарды және корпоративтік мәдениетін ұйымдастыру мен басқаруды қамтиды.

Корпоративтік мәдениетті және Қауіпті факторлар мен тәуекелдер бөлігінде Қызметкерлер, Мердігерлер/Аутсорсинг, келушілер мен мүдделі тараптардың хабар болуын арттыру мақсатында ҚМГ ҚМГ компаниялары тобының барлық қызметкерлеріне арналған және олармен орындау үшін міндетті еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ қызметкерлерінің «Алтын қағидалары» кодексін әзірледі.

ҚМГ «Алтын қағидалары» ҚМГ компаниялары тобында болған Оқиғаларды талдау және мынадай халықаралық практикалар негізінде әзірленген Объектілерде/Жұмыс орындарында жұмыстарды қауіпсіз орындаудың негізгі талаптарын қамтиды:

1) жұмысқа дайын болу;
2) көлік жүргізген кездегі қауіпсіздік;
3) қауіптілігі жоғары жұмыстарды жасауға наряд-рұқсаттама;
4) энергия көздерін оқшаулау;
5) тұйықталған кеңістіктегі жұмыстар;
6) биіктіктегі жұмыстар;
7) жылжымалы жабдық және кернеудегі жабдық;
8) жүк көтеретін операциялар.

**6.4. Тұрақты жетілдіру: «Әрқашан жоспарла-жаса-тексер-әрекет ет»**

Жүйелі қадамдардың үздіксіз циклі арқылы тұрақты жетілдіруге қол жеткізу тұжырымдамасы: Жоспарлау-Орындау-Бақылау-Іс-қимыл ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ үшін негіз болып табылады (2-сурет).

Цикл мұқият жоспарлаудан басталады, одан кейін тиімділікке тексерумен бақыланатын орындау қажет. Мұның бәрі үздіксіз циклді кейіннен жоспарлау кезінде жақсарту бойынша іс-әрекеттерге алып келеді. Цикл ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ тұрақты жетілдіру және оның элементтерінің кез келгені үшін немесе жеке алынған жұмыс Рәсімі үшін жүйелі қолданылады және іске асыру негізінде жатыр.

Цикл немқұрайлылық көріністерінен қорғайды. Жоспарлау-Орындау кезеңдерінде жиі тоқталуға және цикл іс жүзінде аяқталды деп болжауға болады. Осы шамадан тыс сенімділік Тұрақты жетілдіруге кепілдік беретін Бақылау-Іс-қимыл сияқты соншалықты маңызды кезеңдерге назардың жеткіліксіз шоғырлануына әкелуі мүмкін.




2-сурет. Жоспарлау-Орындау-Бақылау-Іс-қимыл әдіснамасы

1) Көшбасшылық және Саясат. Циклдің табысы ҚМГ басшылығының, бизнес-бағыттар/дивизиондар басшыларының, қызмет бағыттары басшыларының, ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының бірінші басшыларының, Желілік басшылардың сабақтастығына байланысты, олар циклді өзінің ағымдағы жұмыс режиміне біріктіру және өз мысалында, циклдің қалай қолданылатынын көрсету қажет. ҚМГ басшылығының іс-қимылдар үшін шеңберлерді айқындайтын және Мақсаттар қою үшін негіз болатын қызметтің негізгі ниеттері мен бағыттары туралы ресми өтініш саясаты.

2) Жоспарлау. ҚМГ компаниялары тобындағы құрылымды, жауапкершілікті және өкілеттіктерді айқындау. Тәуекелдер мен мүмкіндіктерді сәйкестендіру және бағалау, ҚМГ-де ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мақсаттарды, бағдарламалар мен бастамаларды айқындау және ҚМГ компаниялары тобының көрсеткіштерін жақсарту.

3) Қамтамасыз ету және жұмыс істеу. Жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру, оқытуды, құзыреттілікті, коммуникациялар мен хабардар болушылықты, бақылау әдістері мен құралдарын, Құжатталған ақпаратты бақылау жүйелерін жетілдіру.

4) Көрсеткіштерді бағалау. Онда қамтылған міндеттемелер, мақсаттар мен жұмыс өлшемшарттарын, сондай-ақ нәтижелер туралы есептілікті қоса алғанда, Саясатты іске асыруға қатысты Процестерге мониторинг жүргізу және өлшеу.

5) Тұрақты жетілдіру. ҚМГ басшылығы тарапымен ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ сәйкестігін, жеткіліктілігін және жұмыс істеу тиімділігін және жақсартуға арналған шараларды талдау және бағалау .

## 7. КӨШБАСШЫЛЫҚ, МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК (1-ЭЛЕМЕНТ)

Элементтің мақсаты – ҚМГ басшылығы өз жауапкершілігін түсінеді және ҚМГ компанияларының тобына және ДС, ӨҚ және ҚОҚ айқын әрі тиімді басқару арқылы Саясатқа көшбасшылығы мен сабақтастығын көрсетеді.

ҚМГ бизнес-бағыттардын/дивизиондардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының бірінші басшылары, Желілік басшылар ДС, ӨҚ және ҚОҚ және ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ қағидаттарына сабақтастығы мен көшбасшылық қасиеттерін көрсету, рөлдерді, міндеттерді, жауапкершілік пен өкілеттіктерді бөлу, ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Стратегия мен Саясаттарды іске асыру үшін қажетті ресурстарды ұсыну үшін қамтамасыз етуге ұмтылуда.

**7.1. Көшбасшылық және міндеттемелер** (ISO 14001 5.1-тармағы, ISO 45001 5.1-тармағы)

Бизнес-бағыттардын/дивизиондардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының басшылары, желілік басшылар жеке мысалымен көрінетін қатысуын және сабақтастығын көрсетеді, мыналар арқылы ДС, ӨҚ және ҚОҚ тұрақты жетілдірілуін және енгізілуін қамтамасыз етеді:

1) Қызметкерлердің денсаулығын сақтауға жалпы жауапкершілікті қабылдау;

2) Саясат және онымен байланысты Мақсаттар ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында белгіленуін және Стратегиямен келісілуін қамтамасыз ету;

3) ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы негізгі Мақсатты қолдайтын Корпоративтік мәдениетке жәрдемдесу - Оқиғалар/Қоршаған ортаның ластануларының толық болмауы;

4) ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ шеңберінде экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, Қоршаған ортаның ластануларын жүйелі жақсартуды және болдырмауды қамтамасыз ету;

5) ҚМГ компаниялары тобының бизнес-процестеріне ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ Процестерін және Талаптарын құруды қамтамасыз ету;

6) ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ көзделген нәтижелерге қол жеткізетінін қамтамасыз ету;

7) Алдын ала талқылауды пайдалана отырып Қызметкерлердің және/немесе Қызметкерлер өкілдерінің белсенді қатысуын қамтамасыз ету, сондай-ақ қатысу үшін кедергілер мен тосқауылдарды анықтау және жою;

8) ДС, ӨҚ және ҚОҚ мәселелеріне Қызметкерлердің оң қатынастарын қалыптастыру және көтермелеу;

9) жұмыстарды қауіпсіз әрі тиімді орындау үшін жеткілікті Ресурстарды ұсыну және ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ жүйесінің жұмыс жағдайында қолдау;

10) рөлдер, міндеттер, жауапкершілік, өкілеттіктерді айқындау және құжаттық ресімдеу және оларды лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу арқылы тиісті қызметкерлердің назарына жеткізу;

11) Комитетпен ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ әзірлеу, енгізу, жұмыс істеу және мерзімді талдау бойынша қызметін үйлестіру;

12) орындалатын жұмыстарға мерзімді тексерулер жүргізу жолымен жұмыстарды жүргізу кезінде ДС, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері үшін әр қызметкердің жауапкершілігін қамтамасыз ету.

Бизнес-бағыттардың/дивизиондардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының басшылары, желілік басшылар Объектілерде ТЖҚ жеткізетін/орындайтын/көрсететін Қызметкерлермен, Мердігерлермен/Аутсорсингпен ДС, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша екіжақты ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) саясатты каскадтайды және олардың енгізілуі мен орындалуын белсенді ынталандырады;

2) ДС, ӨҚ және ҚОҚ мәселелерімен тұрақты негізде өткізілетін әрбір кеңесті бастайды;

3) үнемі Жұмыс орындарына барады, Қызметкерлермен ДС, ӨҚ және ҚОҚ талаптарының сақталуын бақылайды және олармен ДС, ӨҚ және ҚОҚ мәселелерін ашық талқылайды;

4) оқыту және практикалық жұмыс барысында ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында өз дағдылары мен білімін арттырады;

5) олар басқаратын құрылымдық бөлімшелердің ішінде де, сондай-ақ олардан тыс жерлерде де ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында өздері алған тәжірибесін таратуға және игеруге жәрдемдеседі;

6) ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша өзінің жеке жоспары бар.

ҚМГ компаниялары тобында ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы нәтижелілікті арттыруға бағытталған басшы және басқарушы Қызметкерлер үшін ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша ҚТК (корпоративтік және функционалдық) арқылы тиімділікті басқару жүйесін енгізілген және жұмыс істейді.

ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттар/Дивизиондардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының бірінші басшылары ДС, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша жыл сайынғы форумдарға және кеңестерге белсенді қатысады (ҚМГ Басқармасы және Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуымен «ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы көшбасшылық»ЕТҰ бас директорларының форумы).

ҚМГ «Самұрық-Қазына» корпоративтік университетінің көмегімен ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша оқыту және «HSE Бизнес Академиясы» - қауіпсіз еңбек көшбасшыларының академиясында ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар және ДС, ӨҚ және ҚОҚ қызметтері басшылары мен мамандары үшін корпоративтік мәдениетті қалыптастыру бағдарламасын іске асырады.

ҚМГ «ҚазМұнайГаз»ҰК АҚ Басқармасы төрағасының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобының денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы үздік инновациялық идеялары мен практикалары» атты жыл сайынғы конкурсын өткізу тәртібі мен шарттары туралы қағидаларға сәйкес ҚМГ компаниялары тобында ДҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы инновациялар бойынша конкурс өткізуге бастамашылық жасады (KMG-PR-2191.2-13).

**7.2. Жауапкершілік** (ISO 14001 5.3-тармағы, ISO 45001 5.3-тармағы)

ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың/дивизиондардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГК компаниялары тобы ұйымдарының бірінші басшылары ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ жұмыс істеуін қамтамасыз еткені үшін жауапты болады.

ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ бойынша ҚМГ басшылығының өкілі болып табылатын ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директор ҚМГ компаниялар тобындағы ДС, ӨҚ және ҚОҚ мәселелеріне жауапты болады және мыналардың қамтамасыз етілуін бақылайды:

1) ISO 14001:2015 және ISO 45001 талаптарға сәйкес белгіленетін, қолданылатын және қолдау көрсетілетін ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ талаптарын сақтау;

2) жақсарту бойынша ұсынымдарды қоса алғанда, ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ жұмыс істеу туралы ҚМГ Директорлар кеңесін хабардар ету;

3) ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында Мүдделі тараптардың күтілімдері туралы ҚМГ компаниялары тобының қызметкерлерін ақпараттандыру;

4) осы мәліметтер ҚМГ компаниялары тобының әр қызметкеріне дейін жеткізілетіндей нәтижелерді мониторингілеу және қамтамасыз ету үшін ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласына негізгі көрсеткіштерді әзірлеу және енгізу.

ҚМГ компаниялары тобының әрбір қызметкері өз өкілеттіктері шеңберінде ДС, ӨҚ және ҚОҚ үшін дербес жауапты болады. ДС, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері жөніндегі рөлдер мен міндеттер ішкі құжаттарда және Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында көрсетілген.

# 8. САЯСАТ, МАҚСАТТАР ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМА (2-ЭЛЕМЕНТ)

Элементтің мақсаты -ДС, ӨҚ және ҚОҚ ҚМГ компаниялары тобының барлық бизнес-процестерінің маңызды бөлігі болып табылатыны туралы барлық қызметкерлерге, мердігерлер/аутсорсинг және мүдделі тараптарға хабардар ету.

**8.1. Саясат және Мақсаттар** ( ISO 14001 5.2, 6.2.1-тармақтары, ISO 45001 5.2, 6.2.1-тармақтары)

ҚМГ басшылығы іс-қимылды бекітті және енгізді және басқарудың дивизиондық жүйесі шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Саясаттың, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жер үсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саясатының, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алкоголь, есірткі құралдар, психотроптық заттар және олардың аналогтарына қатысты саясатының, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарының тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бойынша саясаттың, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарының өзара іс-қимыл саясатының іске асырылуы үшін жауапты болады.

Саясаттар оларды ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында міндеттемелермен таныстыру мақсатында ҚМГ компаниялары тобының объектілерінде ТЖҚ жеткізетін/орындайтын/көрсететін барлық Қызметкерлер, мердігерлер /аутсорсингтің назарына дейін жеткізіледі.

Саясаттар Интранеттің корпоративішілік желісінде және ҚМГ сыртқы корпоративтік www.kmg.kzсайтында орналастырылған. Саясаттар сұрауы бойынша Мүдделі тараптарға беріледі.

ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы мақсаттар (қажеттілігіне қарай) қайта қаралады және Стратегия негізінде ҚМГ басшылығымен белгіленеді. Мақсаттарды айқындау кезінде мыналар ескеріледі:

1) ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы заңнамалық және басқа да талаптар;
2) тәуекелдерді және маңызды экологиялық аспектілерді бағалау нәтижелері;
3) жалпы алғанда, бизнеске жататын ҚМГ басқа саясаттары мен мақсаттары;
4) мүдделі тараптардың пікірлері;
5) Тұрақты жетілдіру үшін мүмкіндіктер;
6) қолда бар технологиялық баламалар және қаржылық, өндірістік және бизнес талаптар;
7) ҚМГ компаниялары тобындағы жұмыстар, өнімдер, қызметтер немесе өндірістік талаптардың өзгеруімен байланысты кез келген өзгерістер.

ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында Мақсаттарды қою кезінде олардың өлшенуі (мүмкіндігінше) қамтамасыз етіледі.

ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы мақсаттар ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін оларға қол жеткізу үшін ҚМГ компаниялары тобының басшы қызметкерлерінің корпоративтік және функционалдық ҚТК енгізіледі.

**8.2. Бағдарламалар**

Саясаттарды орындау және қойылған Мақсаттарға қол жеткізу үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту бойынша жол картасы - 2020 әзірленді және іске асырылуда.

Оны іске асыру үшін мыналарды қамтитын ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында іс-шаралардың жыл сайынғы жоспары әзірленуде:

1) ДС, ӨҚ және ҚОҚ дамыту бағыттары (ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ, Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, Денсаулықты сақтау және еңбек гигиенасы, Өнеркәсіптік қауіпсіздік және төтенше жағдайлар, Көлік қауіпсіздігі, Қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі және тұрақты даму);

2) жақсарту бойынша ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы бағдарламалар мен бастамалар (Саясаттар және ішкі регламенттейтін құжаттар, Тәуекелдерді басқару, қызметкерлердің қауіпсіз мінез-құлқы мәдениетін дамыту, жұмыс орнында денсаулығын нығайту, Активтердің тұтастығын басқару, жерүсті көлік құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік жүйесі, қоршаған ортаға әсерін азайту, энергия тиімділігін арттыру, тұрақты дамуын арттыру);

3) ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы негізгі өлшенетін көрсеткіштер және оларды орындау мерзімдері.

## 9. ҰЙЫМДАСТЫРУ, РЕСУРСТАР ЖӘНЕ МҮМКІНДІКТЕР (3-ЭЛЕМЕНТ)

Элемент мақсаты – Қызметкерлер, Мердігерлер/Аутсорсинг және Мүдделі тараптар ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Заңнамалық және Басқа да талаптармен, Тәуекелдер мен Тәуекелдерді басқарумен хабардар, өз қызметін жүргізуге және өзін жауапты ретінде ұстауға құзыретті. Дағдылар мен құзыреттері үнемі бағаланып отырады.

Қызметкерлердің құзыреттілігін үйрету және қолдау процесі ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құзыреттіліктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету, ҚМГ компаниялары тобы ұйымдары қызметкерлерін және Тәуекелдер/Экологиялық аспектілер мен ДС, ӨҚ және ҚОҚ қатысты Мердігер/Аутсорсингті оқыту және ақпараттандыру мақсатында жүргізіледі.

**9.1. Құзыреттілік, оқыту және хабардар ету** (ISO 14001 7.2, 7.3-тармақтары, ISO 45001 7.2, 7.3-тармақтары)

ҚМГ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (KMG-PR-434.8-6) қызметкерлерін оқыту және дамыту қағидаларына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ әкімшілік персоналын бағалау қағидаларына (KMG-PR-1152.4-6) және әкімшілік және басқарушылық қызметкерлерін аттестациядан өткізу қағидаларына (KMG-PR-2412.1-6) сәйкес

ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Стратегия және Саясат мақсаттарын орындау үшін Қызметкерлердің біліктілігінің қажетті деңгейін қалыптастыру және қолдау мақсатында ҚМГ компаниялары тобы ұйымдары қызметкерлерінің құзыреттілігін:

1) білім, оқыту, жеке басының қабілеттілігі, машықтану және тәжірибесіне қойылатын талаптарды қоса алғанда ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі Тәуекелдерге және Экологиялық аспектілерге және ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ қатысты Қызметкерлер үшін құзыреттілігінің талап етілетін деңгейін анықтау арқылы қамтамасыз етеді және арттырады. Құзыреттілікке қойылатын талаптар ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының лауазымдық нұсқаулықтарында белгіленеді;

2) ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша оқытудағы қажеттілікті айқындау;

3) оқытудың күнтізбелік жоспарын бекіту;

4) оқыту процесін ұйымдастыру және оған мониторинг жүргізу;

5) жүргізілген оқытудың тиімділігін бағалау;

6) құзыреттіліктің талап етілетін деңгейіне қол жеткізу және қолдау мақсатында ДС, ӨҚ және ҚОҚ оқыту жөніндегі тиісті бағдарламаны әзірлеу және іске асыру;

7) сауалнама негізінде жүргізілген оқыту сапасын бағалау бойынша Қызметкерлерден кері байланыс жасау;

8) өз міндеттерін орындауда Қызметкерлердің қабілеттілігін растау мақсатында құзыреттілігін мерзімді бағалау (Заңнама талаптарына сәйкес ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы білімдерді тексеру);

9) технологиялар мен жұмыстардағы өзгерістер кезінде құзыреттілікке қойылатын талаптарға талдау жүргізу арқылы қамтамасыз етеді және арттырады.

ҚМГ компаниялары тобы қызметкерлерінің ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы оқытуды жоспарлау және білімдердің деңгейін арттыруды ҚМГ бюджеттік жоспарлауы» ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Даму (жеке) жоспарын қалыптастыру, бекіту, түзету және оған мониторинг жүргізу қағидаларына (KMG-PR-150.10-24) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Даму жоспарын әзірлеу, келісу, бекіту эәне оған мониторинг жүргізу қағидаларына (KMG-PR-1054.3-24) және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Еншілес ұйымдарының, тәуелді қоғамдарының және бірлескен кәсіпорындарының бизнес-жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету және оған мониторинг жүргізу қағидаларына (KMG-PR-84.8-24) сәйкес қарастырады.

ҚМГ компаниялары тобы ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша мынадай оқыту түрлерін жүргізеді:

1) Заңнама талаптарына сәйкес ДС, ӨҚ және ҚОҚ міндетті оқыту курстары;

2) күнтізбелік жоспарларға сәйкес ДС, ӨҚ және ҚОҚ оқыту курстары

ҚМГ компаниялары тобының ұйымдарында ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша мынадай нұсқамалықтардың түрлері жүргізіледі:

1) ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша кіріспе нұсқамалық бағдарламасына сәйкес кіріспе нұсқамалық;

2) жұмыс орнындағы бастапқы нұсқамалық әр Объектінің Жұмыс орнында (қай жерде қолданылса) бастапқы нұсқамалық бағдарламасына сәйкес жүргізіледі;

3) жұмыс орнындағы қайталама нұсқамалық жартыжылдықта бір рет толық көлемде Жұмыс орнында бастапқы нұсқамалық бағдарламасы бойынша жүргізіледі;

4) жоспардан тыс нұсқамалықты жеке немесе бір мамандықтағы Қызметкерлер тобымен жүргізеді. Нұсқамалықтың көлемі мен мазмұны оны жүргізуді қажет ететін себептер мен міндеттерге байланысты әр нақты жағдайда айқындалады;

5) мақсатты нұсқамалықты авариялар, зілзала зардаптары және апаттар салдарларын жою кезінде мамандық (тиеу, түсіру, аумақты жинау, ұйымнан, цехтан және учаскеден тысқары болатын біржолғы жұмыстар) бойынша тікелей міндеттерге қатысы жоқ біржолғы жұмыстарды орындау кезінде наряд-рұқсатпен ресімделетін жұмысты жүргізу кезінде жүргізіледі.

ҚМГ кіріспе нұсқамалық «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ қызметкерлеріне арналған Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі кіріспе нұсқамалық бағдарламасы бойынша жүргізіледі (KMG-RI-195.2-13).

ҚМГ оқыту тиімділігін бақылау мақсатында мыналарды қамтитын оқытуға мониторинг жүргізу тәсілдері әзірленді:

1) жүргізілетін оқыту сапасын бағалау (мысалы, оқыту үдерісін бақылау, оқу бағдарламалары мен үлестірме материалдың сапасын бағалау, сыртқы және ішкі жаттықтырушыларды бағалау, сауалнамалар толтыру, тексеру сынақтары, сынақ нәтижелеріне талдау жүргізу бағалау);

2) оқыту аяқталған соң жұмыстың жүргізілуін қадағалау және бағалау;

3) жеткіліксіз оқыту негізгі себеп болса, Оқиғаларды/Қоршаған ортаның ластануына талдау жүргізу.

ҚМГ компаниялары тобы қызметкерлерінің басшылары, ҚМГ компаниялары тобының бірінші басшылары, Желілік басшылары, ҚМГ жауапты құрылымдық бөліністері/ДС, ӨҚ және ҚОҚ қызметтері ҚМГ компаниялары тобы ұйымдары қызметкерлерінің, қызметкер-мердігерлердің /Аутсорсингтердің, Мүдделі тараптардың, уақытша қызметкерлер мен келушілердің мынадай бағыттар бойынша ақпараттандырылғанын және хабардар етілгендерін қамтамасыз етеді:

1) ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында ҚМГ саясаты мен рәсімдері;

2) ДС, ӨҚ және ҚОҚ Төтенше жағдайларға және оларды ден қоюға әзірлік жөніндегі талаптарды қоса алғанда Саясат, рәсімдер мен ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ талаптарына қатысты Қызметкерлердің міндеттері;

3) Алдын алу және түзету әрекеттерімен әзірленетін өндірістік қызметтерге қатысты тәуекелдер, Қауіпті факторлар мен Экологиялық аспектілер;

4) Тәуекелдерді бағалау жөніндегі тәсілдер мен құралдарды айқындау;

5) Тәуекелдерді басқару және қолданылатын рәсімдерді жетілдірудің тиімді шараларын айқындау, ілгерілету және ұсыну тетіктері;

6) жүргізілетін жұмыстарға, белгіленген рәсімдердің тәртібі мен сақталмауына қатысты әлеуетті салдарлар;

7) ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы жеке көрсеткіштерді жақсарту салдарларының басымдықтары;

8) ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ҚМГ компаниялары тобы объектілерінде жүргізілетін қауіпсіздік бойынша мінез-құлықты қадағалау бағдарламасы сияқты бағдарламалар.

ҚМГ ДС, ӨҚ және ҚОҚ мәселелеріне жеке берілушілікті білдіру үшін қажетті дамыту машықтары мен практикалық құралдардан тұратын ҚМГ компаниялары тобындағы ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құзыретті арттыру жүйесін жақсартуды қамтамасыз етуге тырысады.

**9.2. Коммуникациялар және кеңес беру** (ISO 14001 7.4-тармағы, ISO 45001 7.4, 5.4-тармақтары)

ҚМГ ДС, ӨҚ және ҚОҚ қатысты Мүдделі тараптармен тиімді коммуникацияны және кеңес беруді қолдауға ұмтылуда.

ҚМГ міндеттемесі ҚМГ компаниялары тобының ішіндегі сияқты одан тысқары ДС, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша ашық түрде ақпарат беруді қамтиды.

ҚМГ ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы жұмыстың сапалы тәсілдерін қолдану және Саясат және Мақсатқа қатысты Ұдайы жетілдіруді қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ компаниялары тобы қызметіне ықпал ететін барлық Мүдделі тараптарды тарта отырып коммуникациялауды, қатысуды және кеңес беруді қамтамасыз етеді.

ҚМГ компанияларының тобында ҚМГ ДС, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша мынадай коммуникация тәсілдері қолданылады:

1) Объектілердегі/Жұмыс орындарындағы Қызметкерлермен, Мердігерлермен/Аутсорсингтермен және келушілермен ақпарат алмасу;

2) Уәкелетті органдармен өзара қарым-қатынас жасау және олармен және Мүдделі тараптармен кеңес жасасу;

3) Қауіпті факторларды мен Тәуекелдерді және Экологиялық аспектілерді, қауіпті және қауіпсіз мінез-құлықты, Тәуекелді бағалауды айқындауға және бақылау элементтерін айқындауға, Оқиғаларды/Қоршаған ортаның ластануын тергеуге, ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында Саясатты және Міндеттерді, ұсынымдарды әзірлеу және талдауға тарту;

4) Қызметкерлермен және Мердігерлермен/Аутсорингпен ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында олардың әлеуетті Тәуекелдеріне әсер ететін өзгерістерге қатысты кеңес жасасу;

Ішкі коммуникация мынадай тәсілдер қолданыла отырып жүзеге асырылады:

1) нұсқамалардың барлық түрлері;

2) ДС, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша форумдар, кеңестер, семинарлар мен жиналыстар;

3) ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша бағдарламалар мен бастамашылықтар;

4) ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы есептілік;

5) баспа және бейне өнімдері (есептер, плакаттар, бейнероликтер, жадынамалар);

6) Оқиғалар туралы ақпараттық хабарламалар және ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша өмірден алынған сабақтар;

7) ДС, ӨҚ және ҚОҚ ақпараттық стендтер;

8) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ДС, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері жөніндегі Үйлестіру кеңесі туралы Ережеге сәйкес ДС, ӨҚ және ҚОҚ бағыттары бойынша функционалдық топтарды ұйымдастыру және жүргізу (еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік және өрт қауіпсіздігі, денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы, көлік қауіпсіздігі, эмиссияларды және парниктік газдарды басқару, қалдықтарды басқару, су ресурстарын басқару, энергия тиімділігі) (KMG-PL-2654.1-13);

9) жедел есептілік, кеңес беру және КИСУД ақпаратпен алмасу;

10) интранет.

ҚМГ беделін қолдау және Мердігерлермен/Аусорингпен, келушілер және Мүдделі тараптармен сенімгерлік қарым-қатынастар орнату үшін қажетті шарт болып табылатын сыртқы коммуникация мынадай тәсілдерді пайдаланылып жүзеге асырылады:

1) Мүдделі тараптардың ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша сұраныстарға ақпарат және жауап беруі;

2) ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша Мүдделі тараптар мен уәкілетті органдар тарапынан шағымдар мен наразылықтарға арналған жауаптары;

3) Төтенше жағдайларда Уәкілетті органдармен өзара қарым-қатынас және ақпарат алмасу;

4) тұрақты дамыту саласында ҚМГ есебін беру;

5) ҚМГ корпоративтік сайты.

ҚМГ үнемі қайта қаралып және жаңартылып отыратын ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы коммуникациялар жоспары арқылы ҚМГ компаниялары тобында коммуникациялардың жеткілікті деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылуда.

**9.3. ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ құжаттамасы** (ISO 14001 7.5-тармағы, ISO 45001 7.5-тармағы)

ҚМГ ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында ҚМГ ішкі регламенттейтін құжаттарына сәйкес ДС, ӨҚ және ҚОҚ жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті құжатталған жүйені жұмыс жағдайында белгілейді және қолдайды.

ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ МЖ құжатталған ақпараты мынаны қамтиды:

1) 1-деңгей – ҚМГ Даму стратегиясы;

2) 2-деңгей – ҚМГ Саясаттары, Кодекстері және Нұсқаулықтары;

3) 3-деңгей - ҚМГ корпоративтік регламенттеуші құжаттары (ережелер, қағидалар, регламенттер);

4) 4-деңгей – ҚМГ Жол картасы, жоспарлары мен бағдарламалары;

5) 5-деңгей - ҚМГ Компаниялары тобы ұйымдарының техникалық нұсқаулықтары мен регламенттері;

6) 6-деңгей – ҚМГ компания тобы ұйымдарының жоспарлары мен бағдарламалары.

ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында Құжатталған ақпаратты басқару тәртібі ИБЖ құжаттарын басқару қағидаларында (KMG-PR-1.12-59) және Жазбаларды басқару қағидаларында (KMG-PR-5.6-59) айқындалған.

ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қолданыстағы құжаттамаға өзгерістер, сондай-ақ барлық толықтырулар және/немесе өзгерістерді енгізу ҚМГ ішкі құжаттарымен реттеледі.

## 10. МЕРДІГЕРЛЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР (4-ЭЛЕМЕНТ)

Элементтің мақсаты – Мердігерлер/Аутсорсинг және Мүдделі тараптар олардың ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша тиімділігі ҚМГ компаниялары тобының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін ҚМГ компаниялары тобының объектілерінде ТЖҚ жеткізу/орындау/көрсетуге арналған мүмкіндіктер мен құзыреттер бойынша бағаланады.

**10.1. Мердігерлерге қойылатын талаптар** (ISO 45001 8.1.4.2-тармағы, 8.1.4.3-тармағы)

Мердігерлермен/Аутсорсингпен өзара әрекеттесу кезінде ҚМГ компаниялары тобының ұйымдары шарттарда Қордың қағидаларына сәйкес Саясаттарды, Рәсімдерді, ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ, ТЖҚ жеткізу/орындау/көрсету бойынша заңнамалық талаптарды сақтау және қамтамасыз ету бойынша талаптарды белгілейді.

ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптары ТЖҚ жеткізетін/орындайтын/көрсететін Мердігерлермен/Аутсорсингпен шарттарға қойылатын техникалық ерекшеліктерде белгіленеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (KMG-PR-2629.1-13) қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу кезінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында қауіптіліктер мен тәуекелдерді анықтау қағидалары бұл қолданылатын ҚМГ компаниялары тобының ұйымдарына ТЖҚ

жеткізу/орындау/көрсету бойынша маманданған Мердігерлер/Аутсорсинг қызметкерлеріне таратылады.

Техникалық ерекшелікке сәйкес Мердігерлер/Аутсорсинг Тәуекел дәрежесіне байланысты онда бұл қолданылса, ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша жоспарды әзірлейді. Мердігер/Аутсорсинг ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша жоспарды ТЖҚ жеткізу/өткізу/көрсетуді бастар алдында шартта белгіленген кестеге сәйкес ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесіне/ДС, ӨҚ және ҚОҚ қызметіне карауға және келісуге ұсынуға міндетті. Іс-шаралар түріндегі ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша жоспар жұмыстарды жүргізу жоспарына (қажеттілігіне қарай) енгізіледі.

Мердігердің/Аутсорсингтің ДС, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі жоспары мыналарды қамтамасыз етуге арналған:

1) жауапкершілігі шарттық міндеттемелерді табысты іске асыру үшін ДС, ӨҚ және ҚОҚ мәселелерін басқару үшін Мердігерде/Аутсорсингте болуы тиіс Саясаттың, Рәсімдер мен Процестердің талаптарын, Заңнамалық талаптарды, бақылау шаралары мен ресурстарын;

2) ҚМГ Саясатымен Мердігердің/Аутсорсингтің ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша жоспарының, ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ үйлесімділігін.

Мердігердің/Аутсорсингтің ДС, ӨҚ және ҚОҚ жоспары мынадай жағдайларда қайта қаралуы тиіс:

1) бұл қолданылғанда, шарттың ТЖҚ көлеміне өзгерістер енгізген;

2) ҚМГ компаниялары тобының және/немесе Мердігердің/Аутсорсингтің ұйымдық құрылымы өзгерген;

3) шартқа техникалық ерекшеліктің мазмұны өзгерген;

4) ҚМГ компаниялары тобының объектісінде Оқиғалар/Қоршаған ортаның ластануы болған жағдайда.

Саясат талаптарының, Заңнамалық және басқа да талаптардың сақталуын бағалау үшін ҚМГ бекітілген кестелерге сәйкес ҚМГ компаниялары тобының объектілерінде аудиттердің жүргізілуін, сондай-ақ Мердігердің/Аутсорсингтің Түзетуші және/немесе Алдын алу шараларының жоспарын орындау мониторингін қамтамасыз етеді.

**10.2. Сатып алуды басқару** (8.1.4-т. ISO 45001)

ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі бұл қолданылатын, қосалқы мердігерлерді қоса алғанда, ТЖҚ жеткізу/орындау/көрсетудің бүкіл Өмірлік циклі бойы Тәуекелдерді басқару процесін регламенттейтін ҚМГ компаниялары тобында ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл бойынша жүйенің енгізілуін қамтамасыз етеді

ҚМГ ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы нәтижелілікті жақсарту мақсатында шарттың орындалуының әр кезеңінде жүргізу қажет болатын Мердігерлерді/Аутсорсингті басқару бойынша қажетті шаралар жүйесін қамтитын Мердігерлер/Аутсорсинг ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерін бағалау Рәсімдерінің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Мердігерлер/Аутсорсинг ДС, ӨҚ және ҚОҚ көрсеткіштерін басқару Тәуекелдерді азайту, ДС, ӨҚ және ҚОҚ тиімділігі өлшемшарттарын қою, оларды мониторингілеу және есептілік, сондай-ақ Мердігерді/Аутсорсингті таңдау процесіне кері байланысты ұсыну және тұрақты жетілдіру үшін осы ақпаратты пайдалану жолымен қол жеткізіледі.

ҚМГ компаниялар тобы Қордың талаптарына, Заңнамалық және басқа да талаптарға сәйкес ТЖҚ сатып алу рәсімдерін белгілейді, олар ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында Мердігердің/Аутсорсингтің қызметін басқарудың барлық кезеңдерін қамтиды.

## 11. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ЖӘНЕ ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУ (5-ЭЛЕМЕНТ)

Элементтің мақсаты - Оқиғалардың/Қоршаған ортаның ластану зардаптары мен ықтималдылығын болдырмау немесе азайту үшін ҚМГ компаниялары тобының қызметімен байланысты Қауіпті факторларды және тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару. Жоспарлы және жоспарланбаған өзгерістер сәйкестендірілуі және басқарылуы тиіс.

**11.1. Тәуекелдерді бағалау мен бақылау** (ISO 14001 6.1.2-тармағы, ISO 45001 6.1.2-тармағы)

ҚМГ компаниялары тобында Тәуекелдерді басқаруды біріктіруді қамтамасыз ету «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдерді басқару тәсілдерін іріктеу әдістемесі – Тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі регламенттейтін құжаттарға (KMG-MD-986.3-37), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқару үдерісін ұйымдастырудың бірыңғай қағидаларына (KMG-PR-251.3-37) негізделген, ол ҚМГ компаниялары тобында өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқару процесі шеңберінде тәсілдер мен құралдарды қолдануда бірыңғай тәсілдерді орнатады.

ҚМГ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізген кезде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында қауіптер мен тәуекелдерді анықтау қағидаларын әзірледі және енгізді (KMG-PR-2629.1-13).

Тәуекелдерді және Мүмкіндіктерді басқару өзінде ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында қауіпті факторларды, мүмкіндіктерді және экологиялық аспектілерді айқындауды, Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығы үшін тәуекелді және қоршаған ортаны бағалауды, сондай-ақ бақылаудың тиісті шараларын айқындауды қамтиды. Тәуекелдерді басқару процесінің мақсаты Қызметкерлердің, халықтың денсаулығы мен өміріне және қоршаған ортаға, ҚМГ активтеріне, сондай-ақ көзделген нәтижелерге қол жеткізетін ДС, ӨҚ және ҚОҚ қабілетіне теріс әсерін тигізетін оқиғалардың ең аз ықтималдылығы

мен салдарларын мәлімдеу болып табылады. ҚМГ компанияларының тобы мыналарға жататын ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Тәуекелдерді басқарады:

1) мердігерлердің қызметкерлері мен келушілерді қоса алғанда, Объектідегі жұмыс орнына кіру рұқсаты бар барлық тұлғалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне;

2) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігіне;

3) Экологиялық аспектілерге және экологиялық әсерлерге;

4) Мүдделі тараптарға, сақтау жөніндегі міндеттемелерге және т.с.с.

ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді және мүмкіндіктерді басқару жобалаудан және салудан Объектілерді пайдаланудан және жоюдан шығарғанға дейін ҚМГ компаниялары тобының барлық жұмыс түрлерінің бір бөлігі болып табылады және мұнай мен газды барлау мен өндіруді, тасымалдауды, қайта өңдеуді және түпкілікті өнімді тұтынушыға дейін жеткізуді қамтитын бүкіл Өмірлік цикл бойына жүзеге асырылады.

ҚМГ компаниялары тобында Тәуекелдерді және мүмкіндіктерді басқару процесі мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) Тәуекелдер мен Мүмкіндіктерді сәйкестендіру;

2) Тәуекелдер мен Мүмкіндіктерді талдау;

3) Тәуекелдер мен Мүмкіндіктерді бағалау;

4) Тәуекелдер мен Мүмкіндіктерді өңдеу;

5) Тәуекелдер мен мүмкіндіктерді мониторингілеу, талдау және басқару.

ҚМГ компаниялары тобында ең төменгі қолайлы орынды деңгейге дейін Тәуекелдерді жою және төмендету үшін бақылау шараларының сатысына сәйкес бақылаудың тиісті шаралары енгізіледі.

Тәуекелдерді басқарудың тиімділігін бағалау және бақылау үшін ҚМГ тиімділікті арттыру және Тәуекелдерді басқаруда тосқауылдарды жою үшін Кешікпелі және Озық көрсеткіштер бойынша ақпаратты ұсынатын Оқиғалар/қоршаған ортаның ластануларын тіркеу негізінде технологиялық процестердің қауіпсіздігі үшін ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін пайдаланады.

**11.2. Мінез-құлық факторларын бағалау** ( ISO 45001 6.1.2.3-тармағы)

ҚМГ ПНБР/ПНБВ жүргізу тәртібін, сондай-ақ ҚМГ компаниялары тобының объектілерінде жұмыстарды орындау кезінде және жерүсті көлік құралдарын жүргізу кезінде ПНБР/ПНБВ нәтижелері бойынша деректерді жинау, талдау және өңдеуді белгілейтін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қауіпсіздігі жөніндегі мінез-құлықтық қадағалау қағидаларын (KMG-PR-2312.1-13), жұмыстардың қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықтық қадағалауды жүргізу тәртібін (KMG-F-2314.1-13/PR-2312.1-13), жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықтық қадағалау тәртібін (KMG-F-2678.1-13/PR-2312.1-13), жұмыстардың қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықтық қадағалау карточкасын (KMG-F-2313.1-13/PR-2312.1-13) және көлік жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықтық қадағалау карточкасын (KMG-F-2679.1-13/PR-2312.1-13) әзірледі және енгізді.

ҚМГ ПНБ/ПНБВ бағдарламасын ҚМГ компаниялары тобындағы қызметкерлермен қауіпті әрекеттер мен қауіпті шарттарды анықтауға, ескертуге және қайта пайда болуын болдырмауға бағытталған жұмыстарды орындау кезінде және жерүсті көлік құралдарын жүргізу кезінде іске асырады

Жерүсті көлік құралдарын және корпоративтік мәдениетті пайдалану кезінде қауіпсіздікті арттыру мақсатында ҚМГ Объектілерде жол-көлік соқтығысын ұқсататын конвинсер (қауіпсіздік белдігінің тренажер-симуляторы) әзірледі және қолданады, ол Қызметкерлерге қауіпсіздік белдігін пайдалану қажеттілігін сезінуге мүмкіндік береді.

ПНБР/ПНБВ ҚжЕҚ басқару процестеріне барлық деңгейдегі басшылар мен қызметкерлерді тарту және жеке сабақтастығын көрсету тәсілдерін және Корпоративтік мәдениет деңгейін арттырудың тиімді құралдарының бірі болып табылады. ПНБР/ПНБВ мынадай мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

1) қауіпті мінез-құлықты дереу тоқтатуға;

2) қауіпсіз мінез-құлықты және Қызметкер ҚжЕҚ талаптарын орындау үшін алдын ала қабылдаған сол бір әрекеттерді уақтылы қолдауға;

3) ҚжЕҚ талаптарының бұзушылықтарымен жұмысты орындау себептерін анықтауға (жеткіліксіз оқу, бақылаудың жоқтығы, тиісті емес шарттар және т.с.с.);

4) қауіпсіз жұмыс қағидатына сабақтастығын растау;

5) ҚжЕҚ мәселелерінің маңыздылығына қызметкерлердің назарын шоғырландыру;

6) Қызметкер мен ПНБ өткізетін тұлға арасындағы кері байланысты алу.

ПНБР/ПНБВ нәтижелері ПНБР/ПНБВ жүргізілетінге қатысты Қызметкерге тәртіптік жаза қолдану үшін пайдалануға тыйым салынады.

**11.3. Өзгерістерді басқару** (ISO 45001 6.1.3-тармағы, 8.1.3-тармағы)

Тәуекелдерді басқару рәсімдері ҚМГ компаниялары тобына, ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ немесе ҚМГ қызметінің түрлеріне қандай да бір елеулі өзгерістерді енгізгенге дейін жүзеге асырылады. Мұндай өзгерістер мыналарды шектемей, енгізуі мүмкін:

1) өткен Оқиға/Қоршаған ортаның ластануын;

2) қызметкерлер санын елеулі ұлғайту және қысқарту, қайта ұйымдастыру;

3) міндеттерді қайта бөлу;

4) қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша заңнамаға өзгерістерді қадағалау жөніндегі қағидаларға сәйкес Заңнамалық талаптарды өзгерту (KMG-PR-174.1-13);

5) технологиялық процестердің параметрлеріндегі, жаңа жабдықтарды түрлендіру немесе енгізудегі өзгерістер;

6) Тәуекелдерді бақылау әдістеріндегі Алдын алу немесе Түзеуші әрекеттер немесе өзгерістер нәтижесінде туындауы мүмкін өзгерістер;

7) Қызметкерлердің жұмыс істеу әдістеріндегі және мінез-құлық модельдеріндегі өзгерістер;

8) бастапқы, шикізат материалдарындағы, химиялық заттар мен т.с.с. өзгерістер;

9) ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ мониторингі нәтижелері немесе аудиттер;

10) уәкілетті органдардың немесе сақтандыру компаниясының ұсынымдары немесе ұйғарымдары.

ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі Өзгерістерді және Мүмкіндіктерді басқару процесінде пайдалану үшін тәсілдемелер мен әдістерді регламенттейтін өзгерістерді және мүмкіндіктерді басқару бойынша жүйенің енгізілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ мыналарға көз жеткізеді:

1) барлық болуы мүмкін өзгерістер айқындалған, тіркелуде, қадағалануда, тәуекелдер бағалауынан өткен және мақұлдауға ҚМГ компаниялары тобы ұйымының бірінші басшысына/желілік басшыға ұсынылған;

2) тек бекітілген өзгерістер рұқсат алуға, орындауға дайын;

3) ҚМГ компаниялары тобының өндірістік қызметіне және технологиялық процестеріне өзгерістердің әсері дұрыс түсіндіріледі және тиісті түрде басқарылады;

4) барлық өзгерістер ҚМГ компаниялары тобының ішінде және одан тыс жерлерде қатынастың осы мәселесі бар Мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі, белгіленеді, тіркеледі және тексеруге жатады.

## 12. АКТИВТЕРДІҢ ДИЗАЙНЫ ЖӘНЕ ТҰТАСТЫҒЫ (6-ЭЛЕМЕНТ)

Элементтің мақсаты - ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді бағалау және басқару Объектіні жоспарлау, жобалау, салу, пайдалануға енгізу және пайдаланудан шығарудың ажырамас бөлігі болып табылады, ол Объектіні салу мен пайдаланудың бүкіл мерзімі бойы ДС, ӨҚ және ҚОҚ сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

**12.1. Активтердің тұтастығы** (ISO 14001 8.1-тармағы, ISO 45001 8.1-тармағы)

ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі/ДС, ӨҚ және ҚОҚ қызметі ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы жобаларға, оның ішінде ҚМГ компаниялары тобының инвестициялық қызметін регламенттейтін ішкі құжаттарға (қағидалар, регламенттер) сәйкес ҚМГ компаниялары тобы олардың іске асырылу тиімділігін арттыру мақсатында қолданыстағы жобаларға сараптама жүргізеді.

ҚМГ компаниялары тобы Заңнамалық талаптарға сәйкес Объектілерді дамыту, салу, реконструкциялау, консервациялау және жою, сондай-ақ оларды экологиялық сүйемелдеу (фондық, өндірістік экологиялық мониторинг) кезінде жобалау құжаттамасы үшін қоршаған ортаға әсерін бағалауды әзірлейді және жүргізеді.

Жаңа технологияларды, тораптарды, қондырғыларды, жабдықтарды және жұмыс орындарын жоспарлау, жобалау және дизайны сатыларында әлдеқашан белгілі және болжанатын Қауіптер, Тәуекелдер мен Экологиялық аспектілер,

сондай-ақ ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының Объектілерін пайдалану бойынша қолданыстағы техникалық регламенттер ескеріледі.

Сондай-ақ, ҚМГ компаниялары тобының ұйымдары Объектіні жобалау және салу жобаларын іске асыру барысында экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салдарларды ескереді.

ҚМГ Оқиғаларды/Қоршаған ортаның ластануына жол бермеу мақсатында ҚМГ компаниялары тобы ұйымдары Объектілерінің жабдықтарына жөндеу және профилактикалық жұмыстарды жүргізу кезінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (KMG-PR-2065.1-13) энергия көздерін оқшаулау қағидаларын әзірледі және енгізді.

ҚМГ компанияларының тобы Объектілерде өрттің алдын алу және сөндіруге әзірлігіне және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобына кіретін ұйымдардың өрттің алдын алуға және сөндіруге әзірлігін тексеру және бағалауды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Мердігерлер/Аутсорсингтің шарттық міндеттемелерін орындау тиімділігіне бағалау жүргізеді (KMG-PR-2456.1-13).

ҚМГ танылған инженерлік практикаларды қолдануды, Процестердің қауіпсіздік қағидаттарын және Тәуекелдерді басқаруды енгізуді ескере отырып, Заңнамалық талаптарға сәйкес келуі немесе олардан жоғары болуы тиіс кез келген түрлендіруді қоса алғанда, Объектілерді жобалау, салу және пайдалануға енгізу үшін техникалық регламенттерді жетілдіруге ұмтылуда.

ҚМГ компаниялары тобы ДС, ӨҚ және ҚОҚ бөлігінде алдыңғы жобаларды пайдалану, техникалық қызмет көрсету тәжірибесін және оны Объектілерді жобалаудың ерте сатысына біріктіруді ескереді және қолданады.

ҚМГ компаниялары тобының активтерін сатып алған немесе иеліктен шығарған жағдайда ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында сараптама және кешенді сараптама жүргізіледі (due diligence).

**12.2.** 12.2. Активтердің тұтастығы (ISO 14001 8.1-тармағы, ISO 45001 8.1-тармағы)

Объектінің тұтастығы пайдалы табиғи тосқауылдардың болуымен қамтылады. Ірі ауқымды Оқиғалар/Қоршаған ортаның ластануы/Төтенше жағдайлар бір немесе бірнеше табиғи Тосқауылдар (жабдық/қондырғы) болмаған жағдайда пайда болады.

Табиғи Тосқауылдардың тиімділігі Процестерді тиісінше басқару, сондай-ақ жеке Қызметкерлер мен бүтіндей бригаданың біліктілігі сияқты көптеген жүйелі тосқауылдардың негізіне байланысты.

Объектінің пайдаланылған бүкіл мерзімі ішінде бірге алынған Тосқауылдардың (Жабдық/Қондырғы – Процестер – Қызметкерлер) оларды бастапқы кезеңде жасау үшін жиынтық тиімділігін және кейіннен олардың сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралармен қамтамасыз ету қажет.

Қауіпті өндірістік Объектілерде ірі ауқымды Оқиғалардың/Қоршаған ортаның ластануын/Төтенше жағдайлардың пайда болуы тәуекелдерін толық

жою мүмкін емес. Алайда, Объектілерді пайдаланудың түрлі сатысында дұрыс жүзеге асырылатын Тәуекелдерді жүйелі бақылау үдерісі олардың ықтималдылығын төмендетуге және салдарларының ауқымдылығын шектеуге мүмкіндік береді. Тосқауылдарды жетілдіру, құрастырып шығару, енгізу және пайдалануда қолдау, Тәуекелдердің мақсатты төменгі деңгейін нақты қолдау үшін оған қызмет көрсету қажет.

Тәуекелдерді төмендетуге қол жеткізу үшін жобалық шешімдерге сәйкес Объектінің барлық Тіршілік кезеңі ішінде Тосқауылдар жұмысына (жобалау, салу және монтаждау, іске қосу-жөндеу, пайдалану және жою) кепілдік берілген болуы тиіс.

Оқиғаларды/Қоршаған ортаның ластануынын/Төтенше жағдайларды тергеп-тексеру тәжірибесі табиғи Тосқауылдардың болмауының түпкілікті себептері көбінесе басқару жүйесінің процестерінде немесе адами факторда (табиғи емес Тосқауылдар) кемшіліктердің болуы болып табылады. Процестер мен қызметкерлер, яғни оларды басқаратын екі компонент жиынтығында болмау кейбір табиғи Тосқауылдардың кейіннен қабылдамаумен, жүйелі жаңылуға немесе жасырын жаңылуларға әкеліп соғады.

Табиғи Тосқауыл негізгі жүйелер мен қауіпсіздік компоненттерін қамтиды. Мәселен, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі Тосқауылдардың бірі белсенді өртке қарсы қорғау болып табылады. Бұл ретте, қауіпсіздіктің негізгі жүйелері: сумен суарудың өртке қарсы жүйесі, газ өрт сөндіру жүйесі, жұқалап су шашу арқылы өрт сөндіру жүйесі болып табылады. Қауіпсіздіктің негізгі компоненттері, ол – өрт сөндіру сорғысы, сақиналы өртке қарсы су құбыры, суару жүйесінің клапаны.

Тосқауылдардың бастапқы және үзіліссіз сәйестігін қамтамасыз ету үшін Құжатталған ақпаратты басқарудың сенімді жүйесі элементтерін енгізу қажет.

Барлық Объектілер/жобаларда Объектінің/жобаның Тіршілік кезеңінің әр кезеңіндегі барлық талаптарға сәйкестігі фактісін растау мүмкіндігімен Құжатталған ақпаратты басқару жүйесі болуға тиіс.

## 13. ОРЫНДАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ (7-ЭЛЕМЕНТ)

Элемент мақсаты– ҚМГ компаниялары тобының барлық объектілері Тәуекелдерді басқаруды қолданылатын Заңнама талаптарына, ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының техникалық регламенттеріне сәйкес пайдаланылады және қызмет көрсетеді. Қызмет және оған қатысты тәуекелдерді болдырмау жөніндегі шаралар желілік басшылардың тікелей басшылық етуімен дәйекті түрде орындалғаны маңыздырақ. Іс-шараны орындаудың әр қадамы қалаулы нәтижеге қол жеткізуге, қажет болған жағдайда уақтылы болуға тиіс. Ықтимал Оқиғалар мен Төтенше жағдайларға сапалы ден қойылуы мүмкін.

**13.1. Операциялық бақылау** (ISO 14001 8.1-тармағы, ISO 45001 8.1-тармағы)

ҚМГ компаниялары тобында ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында сәйкестендірілген Қауіптіліктерге, Тәуекелдерге және экологиялық аспектілерге байланысты Операциялық бақылау бойынша рәсімдер белгіленген және жұмыс жағдайында қолдау көрсетіледі.

Операциялық бақылау шараларының қажеттілігі мыналар арқылы айқындалады:

1) Мердігерлер/Аутсорсинг және келушілермен құрылатын Тәуекелдер мен Факторларды қоса алғанда, ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Тәуекелдерді және Қауіпті факторларды басқару мақсатында бақылау шараларын талап ететін жұмыстарды айқындайтын Тәуекелдерді басқару рәсімдері;

2) ҚМГ басшылығы тарапынан ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Заңнамалық және Басқа да талаптарды сақтау, Саясаттар мен Мақсаттарды орындау мақсатында бақылауды талап ететін операциялар мен жұмыстарды айқындау үшін пайдаланылуы тиіс мониторинг пен Аудитті талдау;

3) жазбаша рәсімдердің болмауына арналған жұмыстар (мысалы, қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге арналған наряд-рұқсат) ҚМГ орындауға міндеттенетін ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Саясаттардан, Заңнамалық және басқа да талаптардан Оқиғаға/Қоршаған ортаның ластануына немесе басқа да ауытқуларға әкелуі мүмкін;

4) жоспарлы, күнделікті, жоспардан тыс және авариялық операциялар (мысалы, техникалық қызмет көрсету, пайдалануға енгізу, тоқтату, уақытша жұмыстар және қалыпты режимдегі жұмыс);

5) Мердігерлердің/Аутсорсингтің қызметкерлерін және келушілерді қоса алғанда, ҚМГ компаниялары тобының барлық Қызметкерлерін сәйкестендіру;

6) қызметі ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы сәйкестендірілген Қауіптіліктерге, Тәуекелдерге және Экологиялық аспектілерге байланысты Қызметкерлердің рөлдері мен міндеттерін нақты айқындау.

ҚМГ компаниялары тобындағы ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында Қауіптіліктер мен Тәуекелдерге және Экологиялық аспектілерге жатқызылған қызметтің барлық процестерін, операциялары мен түрлерін басқару үшін ҚМГ мынадай бағыттар бойынша Операциялық бақылауды қамтамасыз етеді:

1) әлеуетті өнім берушілердің біліктілігін алдын ала бағалауға сәйкес Қауіптіліктерге және Тәуекелдерге байланысты ТЖҚ, оның ішінде жабдықтарды сатып алу және ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша өлшемшарттарды айқындау;

2) жобалаудан өндіру, өткізу, пайдалану және кәдеге жаратуға дейін Объектінің өмірлік цикліне байланысты ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша операцияларды басқару. ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі Қызметкерлерді жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуге қойылатын бірыңғай талаптарды регламенттейтін «ҚазМұнайГаз»ҰК АҚ компаниялары

тобының ұйымдарындағы жеке қорғаныш құралдарына қойылатын техникалық талаптардың енгізілуін қамтамасыз етеді.

3) компаниялар тобы ұйымдарының ішкі рәсімдеріне, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ энергия көздерін оқшаулау қағидаларына сәйкес өндірістік объектінің техникалық тұтастығын қамтамасыз ету, жабдықтарға техникалық қызмет көрсету (KMG-PR-2065.1-13);

4) Қызметкерлердің денсаулық жағдайын бақылау Заңнамалық талаптарға (ауысым алды медициналық куәландыруды, міндетті медициналық тексеріп-карауды жүргізу) сәйкес, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобындағы шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру регламентінің көмегімен (1-нұсқа) жүзеге асырылады. ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі жақсартуға арналған салаларды айқындау үшін құралдарды (Пайыздық арақатынас, Gap-талдау) пайдалана отырып, ҚМГ компаниялары тобында денсаулықты сақтау және еңбек гигиенасын басқару тиімділігін бағалау жүйесінің енгізілуін қамтамасыз етеді.

5) жер үсті көлік операцияларын басқару жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша заңнамалық талаптарға және жол-көлік оқиғаларының алдын алу, тиісті шараларды қолдану үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жер үсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламентіне (1-нұсқа) сәйкес қамтамасыз етіледі.

ҚМГ барлық деңгейдегі басшылардың қатаң жолын ұстаушылығы үшін өндірістегі қауіпсіздікті ғана емес, сонымен бірге өнімділікті, экономикалық тиімділікті және сапаны арттыру үшін тиімді құрал болып табылатын ҚМГ компаниялары тобының Объектілерінде технологиялық процестердің қауіпсіздігін басқару жүйесін қолдауға және енгізуге ұмтылуда.

Операциялық бақылау рәсімдері оқыту, хабардар ету және кеңес беру процестері шеңберінде ҚМГ компаниялары тобы Ұйымдарының тиісті барлық қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

**13.2. Төтенше жағдайларға әзірлігі және әсер етуі** ( ISO 14001 8.2-т., ISO 45001 8.2-т.)

ҚМГ компаниялары тобының ұйымдарында Төтенше жағдайларға әзірлігін қамтамасыз ету және оларға ден қою процесі Заңнамалық талаптарға және уәкілетті органдармен келісілген ішкі регламенттейтін құжаттарға (аварияларды жою жоспарларына және мұнайдың аварияльқ төгілуін жою жоспарларына) сәйкес жүзеге асырылады.

ҚМГ компаниялары тобының ұйымдарында бекітілген кестелерге сәйкес оқу-жаттығу оқуларын, кешенді оқулар мен Төтенше жағдайларда әрекеттердің практикалық пысықтауға арналған жаттығулар өткізіледі.

ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі ҚМГ компаниялары тобында ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Төтенше жағдайларды басқару, сондай-ақ мыналарға бағытталған Рәсімдерді қолдау бойынша жүйенің енгізілуін қамтамасыз етеді:

1) ҚМГ қабылдаған заңнамалық талаптар, салалық халықаралық озық практикалардың сақталуын қамтамасыз етуге;

2) болуы мүмкін Төтенше жағдайларды айқындауға;

3) ДС, ӨҚ және ҚОҚ салдарларын болдырмау немесе азайту және Мүдделі тараптардың талаптарын қарау мақсатында авариялық әсер етуді қамтамасыз етуге. ДС, ӨҚ және ҚОҚ салдарлары халыққа, қоршаған ортаға, ҚМГ мүлкі мен беделіне зиян келтірілуін қамтиды;

4) ден қоюдың қандай шаралары Төтенше жағдайлар кезінде алдын ала қабылданатыны туралы Қызметкерлерге нақты нұсқаулар беруге;

5) әрекет етуде Төтенше жағдайларға ден қою рәсімдерін тексеруге, Рәсімдерді кейіннен талдауға және жаңартуға.

ҚМГ Оқиға/Қоршаған ортаның ластану және оның таралу сипатына байланысты Төтенше жағдайларға әсер етудің үш деңгейлі құрылымын қолданады, әрбір деңгей әсер етудің тиісті деңгейіне, жауапкершілік пен қолдауға жауап береді:

1) <u>1-деңгей:</u> Жер-жерде және/немесе өздерінің меншікті ресурстары арқылы жауапты желілік басшымен зардаптары учаскеде немесе Объектіде жойылатын Оқиға/қоршаған ортаның ластануы.

2) <u>2-деңгей:</u> Әсері Объектінің шекараларымен шектелген Оқиға/Қоршаған ортаның ластануы, алайда Оъектінің шекарасынан тыс жерлерде әсерін тарату қаупі бар, ҚМГ компаниялары тобы ұйымының күштерімен жойылады немесе қосымша ресурстарды тарту және қолдау қажеттілігін қамтамасыз етеді.

3) <u>3-деңгей:</u> Оқиға/Қоршаған ортаның ластануы, зардаптарын жою үшін ҚМГ компаниялары тобы ұйымдары ресурстарының жеткіліксіздігі және қосымша ресурстарды тарту немесе қолдау (мемлекеттік авариялық қызметтер немесе басқа да ұйымдардың ресурстарын) үшін Төтенше жағдайларды басқару тобын белсендіру талап етіледі. Немесе ҚМГ беделіне нұқсан келтіретін осындай қолданылу қаупі бар Оқиға/Қоршаған ортаның ластануы.

Төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттер мыналарды қамтитын ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының жұмыстарымен, қызметтерімен және өнімімен байланысты Тәуекелдер негізінде әзірленетін Объектілердің авариялық ден қою жоспарларында белгіленеді:

1) Төтенше жағдай сипатын анықтау тәртібі;

2) мемлекеттік авариялық қызметтер мен өндірістік Объектілер маңында орналасқан халық сияқты Мүдделі тараптардың қажеттіліктерін назарға алу;

3) Төтенше жағдайдың ауқымын ұлғайтқан жағдайда басшылыққа алынуы қажет Рәсім;

4) жеке міндеттер мен өкілеттіктер сипаттамасын қоса алғанда, ТЖ басқаруға қажетті қызметкерлер;

5) ҚМГ компаниялары тобының ішінде ақпарат алмасуды басқаруды қоса алғанда, авариялық ден қою және бақылау бойынша рәсімдер, сондай-ақ

уәкілетті органдарға, ықпалы көрсетілетін кез келген тұлғаларға және басқа Мүдделі тараптарға ақпаратты ұсыну;

6) қауіпсіз келуі, құтқару іс-шараларын орындау, дәрігерлік медициналық көмек көрсету және көшіру, оның ішінде науқастарды көшіру үшін құрылыстарды ұсыну бойынша жоспарлар мен рәсімдер. Сондай-ақ осы жоспарлар реанимация үшін құрылыстарды бағалауды көздейді;

7) қоршаған ортаға авариялық ден қою әрекеттерінің салдарларын болдырмау, азайту және мониторингі үшін жоспарлар мен рәсімдер;

8) жабдықты, құрылыстар мен қызметкерлерді жұмылдыру үшін іс-шаралар мен рәсімдер;

9) Төтенше жағдайлар талаптарында қолдау көрсету үшін үшінші тараптың ресурстарын жұмылдыру бойынша іс-шаралар мен рәсімдер;

10) Қызметкерлер үшін авариялық ден қоюды оқыту бағдарламасы және коммуникациялар және авариялық жүйелер мен рәсімдерді әрекет етуде тексеру бойынша жоспарлар;

11) өндірістің үзіліссіздігін қамтамасыз ету жоспарларымен байланысы.

12) Төтенше жағдай талаптарында Мердігерлермен өзара іс-қимыл бойынша жоспарлар, мұнда ден қоюдың бастапқы шаралары, Мердігерлер қызметкерлерінің жеке рөлдері мен міндеттері айқындалған.

## 14. ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ ОҚИҒАЛАРДЫ ТЕКСЕРУ (8-ЭЛЕМЕНТ)

Элементтің мақсаты – ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ тиімділігін арттыру және қайталауды болдырмау үшін хабарланатын, тексерілетін және талданатын Оқиғалар. Түзету әрекеттері және зерттеу қолданылады.

**14.1. Жедел есептілік** (ISO 14001 7.4-т., ISO 45001 10.2-т.)

ҚМГ компаниялары тобының, сондай-ақ ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының қызметіне қатысы бар мердігердің барлық оқиғалары есепке алынуға және тексерілуге тиіс және Заңнамалық талаптарда, мыналарды сипаттайтын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ оқиғаларды хабарлау және тексеру тәртібі туралы қағидаларда (KMG-PR-2235.1-13) реттеледі:

1) бірыңғай нысан бойынша және белгіленген мерзімде ақпаратты берумен Оқиғалар туралы жедел хабарландыру процесі;

2) Оқиғаның түрі мен деңгейіне байланысты Ішкі тергеу комиссиясы жұмысының процесі;

3) Оқиғаның түпкілікті себептерін анықтауға, талдауға және болашақта ұқсас оқиғаларға жол бермеу бойынша тиісті Түзетуші және Алдын алу шараларын әзірлеуге бағытталған ішкі тергеуді жүргізу процесі;

4) ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының қызметкерлеріне және мердігерлерге дейін Оқиғалардан алынған сабақтар туралы ақпаратқа талдау жасау және жеткізу процесі.

ҚМГ компаниялары тобындағы Оқиғалар туралы хабарлау процестері ДБКАЖ арқылы жүзеге асырылады.

**14.2. Оқиғаларды қарап-тексеру және Қызметкерлерді тарту** (ISO 45001 10.2-тармағы)

Уәкілетті органдарға есеп беретін Оқиғаларды хабарландыру және қарап-тексеру Заңнамалық талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Сонымен бірге ҚМГ компаниялары тобында Заңнамалық талаптарға қайшы келмейтін бөлігінде Оқиғаларды ішкі қарап-тексеруді жүргізуді ұйымдастыру көзделеді.

Арнайы қарап-тексеруге жататын Жазатайым оқиғалар бойынша ішкі тексеру комиссиясының жұмысын ұйымдастыру ҚМГ компаниялары тобының ұйымы арнайы қарап-тексеру жөніндегі комиссия ресми тағайындаған төрағаның келісімін алғаннан кейін жүзеге асырылады.

Оқиғалардың ішкі тексерулері ҚМГ компаниялары тобының ұйымдары үшін Оқиғаны келтірген және іске асырылуына мүмкіндік жасаған айрықша себептерді ескере отырып, ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ түбегейлі себептерін айқындау жолымен болашақта осыған ұқсас жағдайларды қайталауға жол бермеуге бағытталған.

Оқиғалардың ішкі тексерулері Қызметкерлерді тәуекелдерді басқару, Түзету әрекеттерін және жағдайды түзеу, Тәуекелдердің үстінен бақылауды күшейту бойынша шараларды, сондай-ақ Оқиғаларды тексеру бойынша озық халықаралық практиканы пайдалану мүмкіндіктерін жүргізуді оқыту бойынша процестерге тартуға ықпал жасайды.

ҚМГ компаниялары тобы өзінде ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының қызметіне қатысы бар Мердігерлер/Аутсориснг Оқиғаларын тексеруге қатысу құқығын сақтайды.

## 15. МОНИТОРИНГ, ӨЛШЕУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ (9-ЭЛЕМЕНТ)

Элементтің мақсаты - Түзету және Алдын алу шараларын уақтылы қабылдау, Мақсаттарға қол жеткізуді талдау үшін ақпарат жинау, сондай-ақ жаңа басымды бағыттарды айқындау мақсатында болуы мүмкін Тәуекелдерді/Қауіпті факторларды/Экологиялық аспектілерді айқындау және талдау.

**15.1. Мерзімді есептілік** (ISO 14001 7.4-т., ISO 45001 10.2-т.)

ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі мыналарды қоса алғанда, ҚМГ компаниялары тобының өндірістік қызметі нәтижесінде туындайтын Тәуекелдермен/Қауіпті факторлармен/Экологиялық аспектілермен өлшенетін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарында (KMG-PR-2198.1-13) еңбекті және қоршаған ортаны, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін қорғау, төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша деректерді басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесін қолдану қағидаларына сәйкес

ДБКАЖ арқылы ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша ақпаратқа мониторинг және бағалауды жүргізеді:

1) ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында ҚМГ мақсаттары, бағдарламалары мен бастамаларының орындалу мониторингін жасау (қауіпсіздік және жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықтық қадағалау бағдарламалары, сауықтыруға 10 қадам бастамасы);

2) ДС, ӨҚ және ҚОҚ басқару құралдары мен әдістерінің тиімділігі;

3) алдын алу әрекеттері (Заңнамалық және Басқа да талаптарға сәйкестігін тексеру, экологиялық мониторинг; еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді аттестаттау, Қызметкерлердің міндетті медициналық қарап-тексерулері және т.б.);

4) түзету әрекеттері (Оқиғаларды/Қоршаған ортаның ластануын, кәсіби ауруларды, шағымдарды қадағалау, қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін асыру және т.б.);

5) Мүдделі тараптардың пікірлерін мониторингілеу және олардың күтілімдерін қанағаттандыратын ҚМГ қабілеттерін қамтамасыз ету.

**15.2. Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері** (ISO 14001 9.1-т., ISO 45001 9.1-т.)

ҚМГ-де Заңнамалық талаптарға, ҚМГ ішкі құжаттарына және IOGP/IPECA халықаралық стандарттарына негізделетін ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласында сандық және сапалық көрсеткіштерді тұрақты мониторингілеу және бағалау рәсімдері әзірленген, енгізілген және қолдау көрсетілуде.

ДС, ӨҚ және ҚОҚ қызметі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарының қауіпсіздік және еңбекті қорғаудың негізгі көрсеткіштері бойынша есептілікті ұсыну қағидаларына сәйкес негізгі көрсеткіштерді өлшеу және мониторингілеу, жұмыс нәтижелерін бағалау үшін ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесіне ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз етеді (KMG-PR-2407.1-13).

ҚМГ компанияларының тобы ұйымдарында ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ талаптарын, Заңнамалық талаптарды қамтамасыз ету мониторингі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ЕТҰ-ларындағы қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді басқару жүйелеріне мониторинг жасау қағидаларына (KMG-PR-185.2-13) және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да қауіпсіздік және еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша заңнама талаптарын және еңбектің қауіпсіз талаптарын сақтау мониторингі жөніндегі жұмыс нұсқаулығына (KMG-RI – 885.1-13) сәйкес жүргізіледі.

ҚМГ компаниялары тобының ұйымдары заңнамалық талаптарға және ішкі реттеуші құжаттарға сәйкес мыналарды жүзеге асырады:

1) өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде негізгі экологиялық көрсеткіштер мониторингі (өндірістік экологиялық мониторинг);

2) қоршаған ортаға (қалдықтар, лақтырындылар және шығарындылар) эмиссияға рұқсат ету нормативтеріне сәйкестігін бағалау;

3) Қызметкерлердің денсаулығына әсерін тигізетін факторларды мониторингілеу Заңнамалық талаптарға сәйкес ДС, ӨҚ және ҚОҚ қызметімен жүзеге асырылады;

ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі мынадай мақсаттарда мониторингтің барлық түрлері бойынша ақпаратты пайдаланады:

1) ДС, ӨҚ және ҚОҚ жұмыс істеу тиімділігін жүйелі бағалау;

2) ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Саясаттар мен мақсаттар, бағдарламалар мен бастамалардың орындалуын бақылау;

3) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту жөніндегі жол картасы-2020 іс-шараларының жыл сайынғы жоспарын әзірлеу;

4) ДС, ӨҚ және ҚОҚ жақсарту бойынша бағдарламалар мен бастамаларды айқындау және енгізу;

5) ҚМГ орындауға міндетті болатын Заңнамалық және Басқа да талаптардың сақталуын бақылау;

6) Түзету және Алдын алу шараларын әзірлеу;

7) мүдделі тараптарды хабардар ету;

8) ішкі (тұрақты даму саласындағы ҚМГ есебі, ҚМГ жылдық есебі) және сыртқы (IOGP және UN Global Compact есептер) мақсаттардың есептері үшін, сондай-ақ мүдделі тараптар үшін есептер дайындау;

9) ҚМГ Директорлар кеңесі үшін ДС, ӨҚ және ҚОҚ бойынша мерзімді есептілікті дайындау.

## 16. ТИІМДІЛІГІН РАСТАУ ЖӘНЕ ЖАҚСАРТУҒА АРНАЛҒАН ШАРАЛАР (10-ЭЛЕМЕНТ)

Элементтің мақсаты -Тиімділік көрсеткіштері мен жүйелер бақыланады, үрдістерді айқындау, ілгерілеуді өлшеу, сәйкестікті бағалау және тұрақты жетілдіру үшін тексеріледі және қайта қаралады.

**16.1. Комитеттер** (ISO 14001 9.1.2-т., ISO 45001 9.1.2-т.)

ҚМГ компаниялары тобында кезең-кезеңмен функциясы ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ нығайту мақсатында шараларды қарау болып табылатын үз деңгейден тұратын Комитеттер жүйесі енгізілуде (3-сурет):

1) <u>1-деңгей:</u> ҚМГ Директорлар кеңесінің комитеті[1];

2) <u>2-деңгей:</u> ҚМГ комитеті, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті туралы ережеге сәйкес (KMG-PR-847.1-13) жүргізіледі.

3) <u>3-деңгей:</u> ҚМГ компаниялары тобын ұйымдастыру комитеті ҚМГ компаниялары тобын ұйымдастырудың ішкі құжатына сәйкес жүргізіледі.

---

[1] ДС, □ ж□не □О□ м□селелері □МГ Директорлар ке□есі Е□бекті □ор□ау, □нерк□сіптік □ауіпсіздік ж□не □орша□ан ортаны □ор□ау ж□ніндегі комитетті □р□ан□а дейін □МГ Директорлар ке□есіні□ Стратегиялар ж□не инновациялар ж□ніндегі комитетіне ж□ктелген




3-сурет. Комитеттер жүйесінің құрылымы

**16.2. Аудиттер** (ISO 14001 9.2-т., ISO 45001 9.2-т.)

ҚМГ компаниялары тобында мынадай мақсатта ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ ішкі аудиттері тұрақты негізде жүргізілуде:

1) ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ енгізілгенін, нәтижелілігін анықтау жұмыс жағдайында қолдау көрсетіледі және ДС, ӨҚ және ҚОҚ ішкі құжаттарының талаптарына, Заңнамалық және басқа да талаптарға сәйкес келеді;

2) ДС, ӨҚ және ҚОҚ тұрақты жетілдіру үшін мүмкіндіктерді анықтау;

3) ҚМГ басшылығына алған ақпаратты ұсыну.

ҚМГ компаниялары тобының ДС, ӨҚ және ҚОҚ аудиттерінің жүйесі мынадай түрлерден тұрады:

1) сыртқы тараппен жүргізілетін ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ аудиті (тәуелсіз бағалау);

2) ДС, ӨҚ және ҚОҚ Процестерінің ішкі аудиті Ішкі аудит туралы ережеге сәйкес ҚМГ ішкі аудит қызметінде өткізіледі (KMG-PD-1406.1-11);

3) өндірістік объектіде ДС, ӨҚ және ҚОҚ аудиті Жауапты құрылымдық бөлімшемен/ДС, ӨҚ және ҚОҚ қызметімен жүргізіледі;

4) Мердігердің/Аутсорсингтің тарапынан ДС, ӨҚ және ҚОҚ аудиті Мердігердің/Аутсорсингтің күшімен жүргізіледі.

Объектінің ДС, ӨҚ және ҚОҚ аудиттерін жүргізу нәтижелері бойынша ҚМГ ішкі аудит қызметімен, жауапты құрылымдық бөлімшемен/ДС, ӨҚ және ҚОҚ қызметімен мерзімдері және жауапты қызметкерлері көрсетілген Түзету/Алдын алу әрекеттердің жоспарлары әзірленеді және олардың орындалу мониторингі жүргізіледі.

**16.3. Басшылық тарапынан талдау** (ISO 14001 9.3-т. ISO 45001 9.3-т.)

ҚМГ Директорлар кеңесі тарапынан талдау ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ маңызды бір бөлігі болып табылады және ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ баламалығы, жарамдылығы және тиімділігін бағалау үшін жүргізіледі.

ҚМГ Директорлар кеңесі тарапынан талдау тұрақты орындалуда.

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директор мыналарды қамтитын ҚМГ Директорлар кеңесі үшін ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ нәтижелілігі туралы ақпараттың дайындалуын қамтамасыз етеді:

1) Мақсаттарға қол жеткізу дәрежесі туралы ақпаратты;

2) ұйымдық құрылымды қоса алғанда, өзгертілген мән-жайлар туралы ақпаратты, ҚМГ орындауға міндетті Заңнамалық және Басқа да талаптардың өзгерісін;

3) жақсарту үшін мүмкіндіктерді;

4) ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ қолданылуына бөлінген Ресурстарды пайдалану баламалылығын;

5) ішкі және сыртқы аудиттердің нәтижелері және Заңнамалық талаптарды сақтау бағалауларын, мысалы, Қордың талаптары, Түзетуші және Алдын алу әрекеттерінің мәртебесін;

6) мүдделі тараптардың сұраулары мен күтілімдерін қоса алғанда, ақпарат алмасу, қатысу және кеңес беру нәтижелерін;

7) ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ҚМГ компаниялары тобының нәтижелілігі және оларды жақсарту жөніндегі ұсынымдарды;

8) ішкі Аудиттерді талдау;

9) қарап-тексеру нәтижелері бойынша Оқиғалар/Қоршаған ортаның ластануларын, түзеу және алын алу әрекеттерін қарап-тексеру мәртебесін;

10) ҚМГ Директорлар кеңесі тарапынан алдыңғы талдаулар нәтижелері бойынша әрекеттерді.

ҚМГ Директорлар кеңесі тарапынан талдаудың шығу деректері мыналар болып табылады:

1) ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ және оның Процестерінің тиімділігін жақсарту бойынша іс-қимылдар;

2) ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы компаниялар тобының жалпы нәтижелілігін жақсарту;

3) ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы іс-қимылдардың келісілген жоспарларын жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды мақұлдау.

## 17. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Басқармасының шешімі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2016 ж. 24 мамырдағы № 20 хаттамасы | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқару, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясаты |
| 2. | Басқармасының шешімі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2016 ж. 24 мамырдағы № 20 хаттамасы | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жер үсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саясаты |
| 3. | Басқармасының шешімі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2016 ж. 24 мамырдағы № 20 хаттамасы | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алкоголь, есірткі құралдар, психотроптық заттар және олардың аналогтарына қатысты саясаты |
| 4. | Директорлар кеңесінің шешімі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2016 жылғы 13 желтоқсандағы (№ 17/2016 хаттама) | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарының тәуекелдерін басқарудың корпоративтік жүйесі жөніндегі саясат |
| 5. | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2014 жылғы 28 тамыздағы шешімі, №79 хаттама | Басқарудың дивизиялық жүйесі шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарының өзара іс-қимыл қағидалары |
| 6. | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2012 жылғы18 қазандағы шешімі, №117 хаттама | Еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі |
| 7. | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2016 жылғы 27 қыркүйектегі шешімі, №39 хаттама | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту жөніндегі жол картасы-2020 |
| 8. | KMG-PR-773.4-9 | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы және басқарушы қызметкерлер, ішкі аудит қызметінің басшысы және корпоративтік хатшысының қызмет тиімділігін бағалау қағидалары |
| 9. | KMG-RI-772.3-9 | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дағы уәждемелі қызметтің түйінді көрсеткіштерінің карталарын қалыптастыру жөніндегі жұмыс нұсқаулығы |
| 10. | KMG-PR-434.8-6 | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлерін оқыту және дамыту қағидалары |
| 11. | KMG-PR-847.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Еңбекті қорғау, |

| | | |
|---|---|---|
| | | өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті туралы ереже |
| 12. | KMG-PL-2654.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ереже |
| 13. | KMG-PR-174.1-13 | Қоршаған ортаны қорғау, еңбекті және қауіпсіздік техникасын қорғау жөніндегі заңнамаға өзгерістерді қадағалау қағидалары |
| 14. | KMG-PR-185.2-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ЕТҰ-да қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді басқару жүйелерін мониторингілеу жөніндегі қағидалар |
| 15. | KMG-RI-885.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дағы қауіпсіздік және еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша заңнама талаптарын және еңбектің қауіпсіз жағдайларын сақтау мониторингі бойынша жұмыс нұсқаулығы |
| 16. | KMG-RI-195.2-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлеріне арналған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі кіріспе нұсқама |
| 17. | KMG-PR-2191.2-13 | «ҚазМұнайГаз»ҰК АҚ Басқармасы төрағасының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобының денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы үздік инновациялық идеялары мен практикалары» атты жыл сайынғы конкурсын өткізу тәртібі мен шарттары туралы қағидалар |
| 18. | KMG-PR-2198.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша деректерді басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесінің қолданылу қағидалары |
| 19. | KMG-PR-2235.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да оқиғаларды хабарландыру және тергеу тәртібі туралы қағидалар |
| 20. | 1-нұсқа | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жер үсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламенті |
| 21. | KMG-PR-2456.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобына кіретін ұйымдардың өрттің алдын алуға және сөндіруге дайындығын тексеруді және бағалауды жүзеге асыру қағидалары |

| | | |
|---|---|---|
| 22. | KMG-PR-2312.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қауіпсіздік жөніндегі мінез-құлықтық қадағалау қағидалары |
| 23. | KMG-F-2314.1-13/PR-2312.1-13), KMG-F-2313.1-13/PR-2312.1-13 | Жұмыстардың қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықтық қадағалау жүргізу тәртібі, жұмыстардың қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықтық қадағалау карточкасы |
| 24. | KMG-F-2678.1-13/PR-2312.1-13, KMG-F-2679.1-13/PR-2312.1-13 | Жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықтық қадағалауды жүргізу тәртібі, жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықтық қадағалау карточкасы |
| 25. | 1-нұсқа | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру регламенті |
| 26. | KMG-PR-2407.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарының қауіпсіздік және еңбекті қорғаудың негізгі көрсеткіштері бойынша есептілікті ұсыну қағидалары |
| 27. | KMG-PR-2629.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізген кезде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында қауіптер мен тәуекелдерді анықтау қағидалары |
| 28. | KMG-PR-2065.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ энергия көздерін оқшаулау қағидалары |
| 29. | IPIECA/IOGP, №510 есеп, 2014ж. | Басқарудың операциялық жүйесінің құрылымы |
| 30. | IPIECA/IOGP, №511 есеп, 2014ж. | Басқарудың операциялық жүйесі бойынша практикалық нұсқаулық |
| 31. | IPIECA/IOGP, №517 есеп, 2016ж. | Мұнай-газ саласындағы оқиғаларды басқару жүйесі |

| | | |
|---|---|---|
| | **«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында денсаулықты қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі бойынша Нұсқаулыққа келісу парағы (1-ші Нұсқа)** | |
| **ИБЖ нысаны** | **KMG-F-235.12-8/PR-6.12-8** | **стр. 1 из 2** |

**Келісілді:**

| Лауазымы | Визасы, күні | Аты-жөні |
|---|---|---|
| Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнай сервистері жөніндегі орынбасары | | Есқазиев Қ.О. |
| Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры | | Қарабаев Д.С. |
| Басқарма төрағасының газ тасымалдау және маркетингі жөніндегі орынбасары | | Шәріпбаев Қ.Қ. |
| Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, өңдеу және маркетингі жөніндегі орынбасары | | Тиесов Д.С. |
| Адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директор | | Әбденов С.С. |
| Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор | | Мұқышов А.Ж. |
| Барлау және өндіру бизнесін сүйемелдеу жөніндегі басқарушы директор | | Абдулгафаров Д.Е. |
| Мұнай өңдеу жөніндегі басқарушы директор | | Данбай Ш.А. |
| Сатып алу және жабдықтау жөніндегі басқарушы директор | | Дүйсебаев Р.Н. |
| Газ тасымалдау және сақтау жөніндегі басқарушы директор | | Сердиев И.Д. |
| Ірі мұнай-газ активтері жөніндегі басқарушы директор | | Сұлтанов О.М. |
| Мұнай тасымалдау жөніндегі басқарушы директор | | Шманов Н.Н. |

| | | |
|---|---|---|
| Стратегия жөніндегі басқарушы директор | | Сырғабекова Ә.Н. |
| Ақпараттық технологиялар жөніндегі басқарушы директор | | Салов Д.Н. |
| Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директор | | Спинелли В. |
| Корпоративтік қауіпсіздік жөніндегі директор | | Елюбаев Қ.И. |
| Операциялық қызметті құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры | | Ерназаров І.Б. |
| Ұйымдық және орнықты даму департаментінің директоры | | Нұрекеев А.Б. |
| Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры | | Турсумбеков Т.К. |
| Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша операциялық қызмет департаментінің директоры | | Кульчиков Е.Р. |
| Еңбекті қорғауды, өнеркәсіптік қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды корпоративтік басқару департаментінің директоры | | Жанаисов У.Е. |

*Орынд. Әжіғалиев Б.Қ.,*
*тел. 78 93 79*